



...Ел бірлігін сақтаған таттулықты айт.
Жамбыл



№ 37 (5872)
16 қыркүйек
сенбі, 2017 жыл

АТАМЕКЕН

Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым atameken1932@mail.ru

Жамбыл аудандық мәслихаты депутаттарының барша аудан халқына арнаған ҮНДЕУІ

Қадірлі аудан тұрғындары!
Құрметті жерлестер!
Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланған сәуір айынан бері қоғамдағы тың серпілісті істердің сан-салалы көріністері көз алдымызда өтіп жатыр. Елбасы аталған мақаласында: «...жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, ...музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмның нағыз өзегіне айналады» деп атап көрсетті.

Өздеріңізге мәлім, біздің ақындар мен батырлар еліне баланатын қасиетті туған жеріміздің Қастек ауданы болып құрылғанына келесі жылы қыркүйектің 3-де 90 жыл, ал жыр алыбы атанған ұлы Жамбылдың есімін еншілегеніне ендігі жылы мамыр айында 80 жыл толады. Осынау айтулы мерейді абыроймен қарсы алу бәріміз үшін зор қуаныш. Соған сай дәулеті мен сәулеті жыл санап арта түскен аудан орталығы Ұзынағаш ауылының да келбетін көркейткен лазым. Ол үшін «Туған жерге тағзым» атты қоғамдық қор құрып, жинақталған қаржыға бабамыздың тас тұғырға орнатылған, көрген адамның көзіне бірден түсетін, жалпы биіктігі он метрге жуық, тұла бойымен тік тұрған көркем мүсінді ескерткішін тұрғызатын мезгіл жетті деп ойлаймыз.

Жамбыл аудандық мәслихатының депутаттары бұл ұсынысты ауданымыздың барша іскер азаматтары мен ай сайын еңбекке алатын бюджеттік және басқа да мекеме қызметкерлері бір күндік жалақысын аудару арқылы қуаттап, қолдайды және олар өздерінің туған жері мен Жамбыл елінің шынайы патриоты екенін мейлінше дәлелдейді деп сенім артады.

Ардақты ағайын!
Бір күнгі еңбекақыны аудару арқылы біз сіздерді ел мен жердің мәртебесін асқақтататын ерекше игілікті істі жүзеге асыруға, өзара ынтымақтастық пен бірлікті нығайта түсуге шақырамыз! Күллі қазақтың мақтанышына айналып, ұлтымыздың есімін әлемге әйгілеген ұлы Жамбылдың рухын қалай ұлықтасақ та жарасады. Ендеше, оның өзі өмір сүрген өлкеде, есімін иеленген аудан орталығында зәулім ескерткіші тұрғаны қандай ганибет. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейтін халық даналығына сай және Елбасымыз айтқан жалпыұлттық патриотизмнің өзегіне айналатын ортақ мақсаттың орындалуына біркөсідей атсалысайық, қадірлі жерлестер!

Үндеу аудандық мәслихаттың сессиясында талқыланып, қабылданды.

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ» қоғамдық қорының есепшоты мен реквизиті:
ОФ «Туған жерге тағзым»
Адрес: Индекс: 040600, Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Караш батыра
117, раб. Тел: код (872770) 2-19-51
ИИН/БИН 170940008873
ИИК KZ 16722S000001287520
БИК CASPKZKA
Филиал АО «Kaspi Bank» в г.Каскелен. КБЕ 18

♦ Бүгінгі күннің тынысы

Жаңа оқу жылы басталды. Биыл қыркүйектің 2-де мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қуанышында шек жоқ. Табиғи демографиялық өсімі жөнінен облыста алдыңғы қатардан көрінген ауданымызда 2017/2018 оқу жылын барлығы 28182 оқушы қарсы алды. Оларға 2612 мұғалім тәлімді тәрбие, сапалы білім беруге әзір. Әсіресе, жаңадан салынып пайдалануға берілген 1200 орындық Ұзынағаш, 600 орындық Қайназар, 450 орындық Ақсеңгір ауылындағы үш мектептің жағдайы тіпті ерекше. Мұндағы тіршіліктің бәрі жаңа. Жаңа мектепке барған ұстаздар, жаңа парта, жаңа пән кабинеттері, жаңа спорт залдары, жаңа асхана... Иә, жаңаның аты жаңа.

ЖАРҚЫН АСУ, ЖАҢА БЕЛЕСТЕР



Десек те, құрылысшылардың үлгере алмай қалған жұмыстары да жоқ емес екен. Олардың тарапынан жіберілген кейбір кемшіліктер көңілге кәдімгідей кірбең келтіретінін жасыруға болмайды. Осыны аудан әкімі Жандарбек Далабаев мырза арнайы жұмыс сапарымен барып аралаған 1200 орындық «Ұзынағаш ауылындағы орта мектеп» КММ-де өз көзімен көріп, алаң көңілмен айтарлықтай ескертулер жасады.

«Қайназар ауылындағы орта мектеп» КММ-дегі жағдай бұдан анағұрлым ілгері екені байқалады. Рас, мұнда әлі де толықтыра түсетін құрал-жабдықтарды ретімен орналастырып, бірқатарына тапсырыс беру керектігі айтылды. Дегенмен салыстырмалы түрде алып қарағанда, мектеп оқушыларына алаңсыз білім беруге лайықты жағдайдың бәрі бар. Аудан әкімі мектеп басшылары мен мұғалімдерге оқу жылының басындағы қарбалас жұмыстардың қаншалықты маңызды екенін ұғындырып, жаңа ұжымды өзара ынтымақ пен бірлікке шақырды.

Тамыз айының соңындағы кадр ауыстыру рәсімдері кезінде біраз түсініспеушілік орын алған бұл мектепке бірнеше жылдан бері білім саласында басшылық тәжірибесімен көзге түскен білікті педагог Салтанат Бақбергенқызы Сұлбекова директор болып тағайындалған. Оның алымдылығы мен ұйымдастырушылық қабілетіне ризашылық білдірген аудан әкімі ендігі жерде тек қана зор ынтымақ жұмысқа жұмыла кірісу керектігін мектеп ұжымына дәлелді мысалдармен түсіндірді. Мұғалімдердің негізгі міндеті – болашағымыздың тізгінін ұстайтын бүгінгі шәкірттерді жан-жақты білімді етіп тәрбиелеу екеніне баса назар аударды. Бұл мақсатқа тек ынтымақпен ұйысқан ұжым ғана жететінін ескертті. Сондықтан алауыздыққа ешқашан жол бермеу керектігін қадап айтты.

Бұдан кейін Жандарбек Ермеқұлы Абай атындағы гимназия мектебіне бұрылып, аудандағы ең байырғы білім ордаларының қатарында саналатын айтулы шаңырақтың бірнеше пән кабинеттерін аралады. Әсіресе, информатика пәнін ағылшын тілінде оқытатын аудан ұстаздарының басын қосып, арнайы курс өткізіп жатқан Бақыткүл Жанасбаева мен 9 «б» сыныбына тарих пәнінен сабақ өткізу үстінде жолыққан ұстаз Нұрлыбек Нұрымның кабинетіндегі диалог аса әсерлі болды. Аудан басшысы осы екі сыныпта да мұғалімдермен және оқушылармен ашыла сұхбаттасты. Оларға бүгінгі таңда қоғам мен саясатта басты бағыт саналатын рухани жаңғыру бағдарламасы мен өзге де мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіріп өтті. Елбасы міндеттеген аса маңызды тапсырмаларды орындау барысында ауданда атқарылып жатқан айтулы жұмыстарды шола баяндап өтті. Мектеп басшылары мен ұстаздар ұжымының ізденісті қызметтеріне сәттілік тілеп, оқушыларға ағалық ақ батасын арнады.

Ессапар барысында аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас пен аудандық мәслихаттың хатшысы Саят Жұрын, аудандық білім бөлімінің басшысы Ләйлаш Бәкірова, Ұзынағаш селолық округінің әкімі Ескелді Қасымов аудан әкімімен бірге білім беру саласындағы әртүрлі толғақты мәселелерге назар аударды. Оларға тиісті шараларды жүзеге асыру жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді.

РА.ІМАС.

↔ Бәрекелді! АФИНА КІЛЕМІНЕН АБЫРОЙМЕН ОРАЛДЫ



Еркін күрестің еңсесін тіктеп жүрген жас палуандарымыздың бірі – Адлан Асқаров мектеп қабырғасында жүрген кезден бастап еркін күреске қатысып, бапкерлерінен тәлімді тәрбие алып, күрестің айла-тәсілін еркін меңгерді. Аға жаттықтырушысы Мадияр Құрамысов пен жаттықтырушысы Қанат Шапаевтың қол астында тәрбиеленген жас балуан алғашқы табысына жетті.

Адлан биыл 27-29 сәуірде Түркия мемлекетінде өткен халықаралық жарыста 42 килі салмақ бойынша жүлделі екінші орыннан көрінген. Содан кейін 14-16 маусымда Ресейде осы дәрежеде 1-ші орынға көтерілген. Жұырда ол (қыркүйектің 7-11 аралығында) еркін күрестен жасөспірімдер арасында Грекияда өткен әлем біріншілігінде жүлделі 3-орынға табан тіреп, қола медальға қол жеткізді. Жерлесіміздің бұл жетістігін барлық телеарналар жарыса көрсетіп, республика жұршылығына сүйіншілеп жеткізді.

Қуаныш, жеңіс ортақ десек, ақжолтай хабарға аудан әкімі Жандарбек Далабаев бастаған барлық жерлестеріміз Адланға деген өздерінің жүрекжарды ризашылығын білдіріп, ата-анасы мен жаттықтырушыларына рахметін айтты.

Алматы әуежайында әлем біріншілігінің жүлдегері Адлан Асқаровты аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ермек Қартаңбаев пен балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Бақберген Қайырлыбаев гүл шоқтарымен қарсы алды.

Мұқағали ТҰРСЫНЖАНҰЛЫ.

♦ Ата дәстүр

КӨРШІЛЕР ЖАРАСЫМЫН КӨРСЕТТІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында облыстық ардагерлер ұйымы өкілдерінің қатысуымен аудандық мәдениет үйінде «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы бойынша «Жарасымды көршілер – сенімді әріптестер» атты акция өтті. Аудандық аналар кеңесі ұйымдастырған шараға ауыл-ауылдан қариялар келді.

Мәдениет үйінің кіре берісіндегі көрмеде келушілер назарына колөнер шеберлерінің туындылары ұсынылды.

Ондағы түрлі бұйымдар «Өнер мектебі» мен «Жасұлан» оқушылар үйінде және аудандағы орыс, түрік, ұйғыр этномәдени орталықтарында жасалған. Көрермен залына аудандағы селолық округтерден ақсақалдар алқаларының төрағалары мен ардагерлер бастауыш ұйымдарының мүшелері және жастар жайғасты.

Мәдени шара аудандық мәслихаттың хатшысы Саят Жұрынның құттықтауымен басталды. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы, «Ақ әжелер» фольклорлық-этнографиялық халық ансамблінің көркемдік жетекшісі Күміс Кемелбекова ұйымның атқарған жұмысын баяндады.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Күміс Кемелбекованың еңбегі ерен екені көпшілікке жақсы таныс. Халықтың салт-дәстүрін, өнерін насихаттау ісіне мұрындық болудан ешқашан танбаған ол «Ақ әжелер» ансамбліні құрып, оған 30 жылдан бері үздіксіз жетекшілік етіп келеді.

(Жалғасы 3-бетте).

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2017 жылғы қыркүйектің 11-дегі № 14 шешімі
Жамбыл ауданы бойынша Жамбыл ауылдық округінің әкімі сайлауын тағайындау туралы
Жамбыл аудандық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» № 555 Жарлығына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- Жамбыл ауданы бойынша Жамбыл ауылдық округінің әкімі сайлауы 2017 жылғы 16 қазанға тағайындалсын.
- Жамбыл ауылдық округі әкімі сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Осы шешім жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Б.АЛТАЕВ,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2017 жылғы 11 қыркүйектегі №14 шешіміне қосымша
2017 жылғы 16 қазанға тағайындалған Алматы облысы, Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округінің әкімі сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

- Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
(Қағидалардың 11 т.)
- Бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау тағайындалғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей.
(Қағидалардың 1 т.), 7 т.) 9 т.) (Заңның 13 б.4 т.)
- Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидат-тардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.
Аудан әкімі.
Сайлау күнінен 30 күн бұрын – 2017 жылғы 16 қыркүйекте басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда – 2017 жылғы 20 қыркүйекте аяқталады.
(Қағидалардың 13, 14, 15 т.т.)
- Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша.
Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда –

- 2017 жылғы 9 қазанда.
(Қағидалардың 1, 7) т.т. 9, 48 т.т.)
- Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Үш күннің ішінде.
(Қағидалардың 12, 17, 19 т.т.)
- Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2017 жылғы бірінші қыркүйекте табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.
Кандидат және оның зайыбы (жұбайы).
Кандидат тіркелгенге дейін.
(Қағидалардың 18 т.)
- Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда – 2017 жылғы 1 қазанда аяқталады.
(Қағидалардың 20, 24 т.т.)
- Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

- Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей.
(Қағидалардың 1т.) 22 т.)
9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.
Салық қызметі органдары.
Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде.
(Қағидалардың 19 т.)
10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап.
(Қағидалардың 2 т.) 9 т, 33, 34 т.т.)
11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері үшін шарт негізінде үй-жайлар беру.
Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиялары.
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.
(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)
12. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.
Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні – 2017 жылғы 14 қазанда жергілікті уақыт бойынша 24 сағатта аяқталады.
(Қағидалардың 28 т.)
- 13.Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу.
Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.
Кандидаттың тиісті аумақтық сайлау комиссияларына өтініш жасаған сәтінен бастап бір күнтізбелік күннің ішінде.
(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)
14. Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Кандидат тіркелгеннен кейін.
(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т.)

- Аким района.
Начинается за 30 дней до дня выборов - 16 сентября 2017 года и заканчивается за 25 дней до дня выборов – 20 сентября 2017 года.
(п.п. 13, 14, 15 Правил)
4. Составление списков выборщиков и вывешивание его в пункте для голосования.
Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия по представлению секретаря Жамбылского районного маслихата.
За 7 дней до дня голосования – 9 октября 2017 года.
(пп. 1, 7) п.п. 9, 48 Правил)
5. Установление соответствия кандидата в акимы предъявляемым к нему требованиям п.3 ст.33 Конституции Республики Казахстан и Правилами проведения выборов акимов городов районного значения, сельских округов, сел, поселков Республики Казахстан, составление соответствующего протокола.
Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.
В течение трех дней.
(п.п. 12, 17, 19 Правил)
6. Представление в налоговые органы по

15. Дауыс беруге арналған пунктті ашу, тиісті хаттама жасау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда.
(Қағидалардың 52 т.)
 16. Әкімнің сайлауын өткізу. Әкімді сайлау жөніндегі дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жария ету, әкімді сайлау нәтижелері туралы хаттама жасау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Бір күннің ішінде – 2017 жылғы 16 қазанда. (Қағидалардың 47-54 т.т.)
 17. Сайланған әкімді тіркеу. Шешімді жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсыну.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде – 2017 жылғы 16 қазанда кешіктірмей.
(Қағидалардың 57 т.)
 18. Кандидаттың сайлау қоры қаражатын пайдаланғаны туралы аумақтық сайлау комиссиясына есеп беруі.
Әкімдікке кандидаттар.
Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей – 2017 жылғы 20 қазанда кешіктірмей.
(Қағидалардың 44 т.)
 19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары және сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жариялау.
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей – 2017 жылғы 22 қазаннан кешіктірмей.
(Қағидалардың 1, 7 т.т.) 9 т, 59 т.)
 - Ескертпе:** *Күнтізбелік жоспардың мәтінінде Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалары нормаларына сілтемелер жасалды.*
- месту жительства декларации о доходах и об имуществе на первое сентября 2017 года.
Кандидат и его (ее) супруга (супруг).
До регистрации кандидата.
(п.18 Правил)
 7. Регистрация кандидатов и выдача соответствующего удостоверения.
Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.
Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается за 15 дней до дня голосования – 1 октября 2017 года.
(п. п. 20, 24 Правил)
 8. Сообщение через местные средства массовой информации или иным способом о регистрации кандидатов.
Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.
Не позднее чем на 7 день после регистрации кандидатов
(пп 1) п. 22 Правил)
 9. Проверка достоверности декларации о доходах и об имуществе, задеклариро-ванных кандидатом и его (ее) супругой (супругом).
Органы налоговой службы.
(Жалғасы 3-бетте).

(Жалғасы. Басы 2-бетте).

В течение 7 дней со дня получения декларации кандидата и его (ее) супруга (супруги).

(п.19 Правил)

10. Регистрация доверенных лиц кандидатов и выдача соответствующих удостоверений.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

С момента подачи списков доверенных лиц для регистрации.

(пп.2) п.9, п.п. 33, 34 Правил)

11. Предоставление кандидатам помещений для встреч с выборщиками на договорной основе.

Составление графика встреч кандидатов с выборщиками в выделенном помещении и опубликование его в средствах массовой информации.

Местные исполнительные органы и органы местного самоуправления.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В период проведения предвыборной агитации.

(пп. 1, 7) п. 9 Правил)

12. Проведение предвыборной агитации. Кандидаты в акимы, их доверенные лица.

Начинается со дня окончания регистрации кандидатов и заканчивается в 24 часа по местному времени дня предшествующего дню выборов – 14 октября 2017 г. (п.28)

13. Регистрация избирательных фондов

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы жарияланады

Алтаев Болат Бекбосынұлы – комиссия төрағасы
Мәнкеева Сәулеш Сейілханқызы – комиссия хатшысы
Ыбырайжанова Бибінұр Ермекбайқызы – комиссия мүшесі
Жолтаева Света Мұқанқызы – комиссия мүшесі
Ізбасаров Данияр Өмірзақұлы – комиссия мүшесі

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы жарияланады

Реттік №	Өткізу орны	Өткізу күні
1.	Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылының мәдениет үйі	2017 жылғы 19 қыркүйек сағ. 11.00

КӨРШІЛЕР ЖАРАСЫМЫН КӨРСЕТТІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Әжелер тобы ұлттық өнеріміздің асылы мен тұнығын, көкірек түкпірінде



көздің карашығындай сақтап келген әдет-ғұрып, салт-дәстүрін халыққа өнер тілінде жеткізеді. Тіліміз бен дінімізді дәріптейді. Өзиз жүректі әжелер қолөнерді қолға алып, ісмерліктерін де көрсетеді. Оны жастарға жалықпай үйретеді.

Бұл өнер ұжымының өңірдің мәдени-рухани өмірінде алар орны айрықша.

в Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии.

Кандидаты в акимы, их доверенные лица.

В течение одного календарного дня с момента обращения кандидата в Жамбылскую районную территориальную избирательную комиссию (постановление Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 19.08. 2010 г. №7/8) (пп. 1, 7) п. 9 Правил)

14. Открытие специальных временных счетов избирательных фондов.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

После регистрации кандидата.

(пп. 1, 7) п. 9 Правил)

15. Открытие пункта для голосования, составление соответствующего протокола.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

За один час до начала голосования.

(п. 52 Правил)

16. Проведение выборов акима. Подсчет голосов и оглашение результатов голосования по выборам акима, составление протокола о результатах выборов акима.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В течение одного дня 16 октября 2017 года.

(п.п. 47 – 54 Правил)

17. Регистрация избранного акима. Представление решения акиму Жамбылского района и в Жамбылский районный маслихат. Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

В пятидневный срок со дня проведения выборов – не позднее 16 октября 2017 года. (п. 57 Правил)

18. Предоставление в Жамбылскую районную территориальную избирательную комиссию отчета об использовании средств избирательного фонда кандидата.

Кандидаты в акимы.

Не позднее 5 дней после установления итогов выборов – не позднее 20 октября 2017 года. (п. 44 Правил)

19. Опубликование в местных средствах массовой информации сообщения об итогах выборов и регистрации избранного акима.

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

Не позднее 7 дней со дня проведения выборов – не позднее 22 октября 2017 года. (пп. 1, 7) п. 9, п. 59 Правил)

Примечание: *В тексте календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и Правил избрания на должность, прекращения полномочий и освобождения от должности акимов городов районного значения, сельских округов, сел, поселков Республики Казахстан Республики Казахстан, не входящих в состав сельского округа, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 24 апреля 2013 года № 555.*

♦ Халықаралық саясат

Халықаралық саясаттың негізінде көрші мемлекеттермен орнатылған қарым-қатынастың жөні бөлек. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатта ынтымақтастық тепе-теңдігін негізгі ұстаным ретінде алған мемлекет болып табылады. Еліміздің халықаралық саяси

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас

ахуалын талдағанда ең алдымен оның қасында орналасқан екі ірі ықпалды мемлекетпен қарым-қатынасына тоқталамыз. Ол – Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы. Аталмыш екі елмен де байланыс жыл сайын серпінді дамып келеді. Айтып өткенге оңай болғанымен, тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр ғана болған жас мемлекеттің халықаралық саясаттағы өзіндік орны мен ықпалының болуы – үлкен тарихи жағдай. Мұсылман елдері мен Еуропа Одағы, ТМД, Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық қалыптастыруды осы жылдар арасында күн тәртібінен түсірген емес. Экономикалық тұрғыдағы ахуалдың өзгеріп тұруы – заңдылық. Ал саяси ахуал – ең негізгі фактор болып табылады.

Биыл Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасқа 25 жыл толады. Осы жылдар арасында екі елде мықты бір әскери байланыс және қорғаныс технологиялары саласында ынтымақтастық орнатылды. Ең негізгісі – екі елдің арасында сауда-саттық қарым-қатынасының жолға қойылғаны. Астана қаласында өткен аптадағы Ислам ынтымақтастығы ұйымының ғылым және технологиялар жөніндегі басқосуында еліміздің ынтымақтастық саясат ұстанатыны анық байқалды.

Қазақстан Республиканың Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мьянмадағы қактығысқа алаңдаушылығын білдіріп, бұған қатысты диалогты БҰҰ аясында жалғастыру керектігін айтып өтті. Жиынға келген Түркия Президенті Режеп Ердоған осы отырыста мұсылман халықтарын Мьянмадағы шиеленістерді реттеуге шақырды. Әскерінің өзі бейбіт мақсатқа негізделген Қазақстан бұл халықаралық бас қосуды Сириядағы қарулы қактығысты реттеу жөніндегі Астана келіссөздерінің негізінде ұйымдастырған болатын. Екі ел басшыларының 9 қыркүйектегі кездесуінде тауар айналымы 2 миллиард доллар шамасында екендігі талқыланып, оны 5 миллиард долларға жеткізуді мақсат тұту керектігі айтылды.

Айнұр ТӨЛЕУ.

Пробация қызметі

Жамбыл аудандық Пробация қызметі есебінде бұрын қылмыс жасап сол қылмысы үшін қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес сотталғандар тұрады. Біз оларға, яғни, Жамбыл аудандық пробация қызметі бөлімі тарапынан қылмыстың алдын алу шаралары бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізіп, өз өмірі өз қолында екенін ескертіп, әңгіме-сұхбат жүргіземіз және сотталған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасап отырамыз. Сотталғандарға әлеуметтік көмек көрсету жеке бағдарламасымен таныстырып жұмысы жоқ сотталғандарды жұмыспен қамту орталығына жібереміз.

Сотталғандардың көбісі әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартып, тәрбиеге көнбей, ескі жаман әдетіне қайта басып, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес сотталғандар арасында қайта қылмысқа барады. Түзелу жолына түспей, қайта қылмыс жасағаны үшін бас бостандығын шектеу жазасы – бас бостандығынан айыруға аудандық сотқа ұсыныс жолданылады. Жазаның өтелмеген бөлігін түзеу мекемесінде өткізеді, артында анасы мен баласы жылап-сықтап қалады. Сол себепті, қылмыс түбі – жаза екенін ұмытпайық, ағайын.

Б.АЛДАСУГІРОВ,
аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет капитаны.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.

Жуырда «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен аудандық партия филиалында партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтті.

Партиялық бақылау комиссиясының отырысы

Күн тәртібіне:

1. Беріктас, Ақтерек, Дегерес бастауыш партия ұйымдарында партиялық мүшелік жарнаның уақтылы, толық жиналуына талдау жасау туралы;
2. Мынбаев, Самсы, Үлгілі БПҰ-да «Нұр Отан» партиясы мүшесінің этика кодексінің орындалуы және бастауыш партия ұйымдарының партиялық жобаларды жүзеге асыруы жөніндегі есептерін тыңдау;

Отырысқа партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен бөлім басшылары қатысты.

Бауыржан АҚЫЛБЕКОВ,
«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кеңесшісі.

Отбасы құндылығы

2017 жылдың 11 қыркүйегінде «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» атты партиялық жобасы аясында Т.Рысқұлов орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Махамбетова Рената Жеңісқызының ұйымдастыруымен отбасы күніне арналған тақырыптық кездесу өтті. Шараға көп балалы аналар, династия, интернационалды отбасылар қатысып, «Отбасы», «Шаңырақ» ұғымдары, отбасын құру қағидалары кеңінен түсіндіріліп, бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігі, жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынас, ұстаздар қауымы мен ата-ана бірлігін нығайту, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, үлкенді сыйлау, сыпайы, ілтипатты болу мәселелері қаралды. Сондай-ақ, жас отбасыларға семинар тренинг ұйымдастырылды.

РАМАНҚҰЛОВА,
«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кеңесшісі.

Имамдар жаңа кітаптың тұсауын кесті

Жуырда Жамбыл ауданының орталық «Шына-сыл» мешітінде келелі отырыс өтті. Жиынға ҚМДБ-ның діни істер бөлімінің меңгерушісі Камалжан Тұрдыбаев, ҚМДБ-ның Алматы өңірі бойынша өкілі, облыстық «Қарасай батыр» мешітінің бас имамы Қуаныш Наржанов, Жамбыл ауданының бас имамы Әли Жұматаев және ауыл имамдары қатысты. Отырыстың негізгі мақсаты «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты кітаптың тұсауын кесіп, жергілікті имамдарға үлестіріп беру еді.

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитетінің дінтану сараптамасының оң қортындысы берілген бұл кітапты арнайы ғалымдар кеңесі баспаға



ұсынған. Алғашқы легі 11000 дана болып таралды.

Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен жарық көрген бұл кітаптың мұсылман жамағатына берер

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

Жуырда аудан әкімшілігінің үлкен залында «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар канатының есептік-сайлау жиналысы өтті.

Қымбат Байсариева кеңінен баяндама жасады. Сонымен қатар, жиында талқыланатын негізгі тақырыптың бірі – «Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген



Бұл есептік-сайлау жиналысына 100 делегат шақырылды. Жиынды «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабаев жүргізді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша көпшіліктің дауыс беруі арқылы «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар канатының бөлімше төрайымы болып Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығының жетекшісі Байсариева Қымбат Нұржанқызы сайланды.

Осы бөлімшесінің 2016-2017 жылдары атқарылған жұмыстарының қорытынды есебі және «Жас Отан» жастар канатының 2018 жылы атқарылатын жұмыс жоспары жөнінде

міндеттер мен тапсырмаларды іске асырудағы жастардың үлесі жайында «Жас Отан» жастар канатының мүшесі, жастар ресурстық орталығының кеңесшісі Болатхан Танжарық сөз сөйледі. Төртінші кезекте қаралған мәселе бойынша 2017 жылдың 20 қыркүйегінде өтетін Алматы облыстық «Жас Отан» жастар канатының есептік-сайлау конференциясына делегаттарды сайлау мәселесі бойынша Алматы облыстық «Жас Отан» жастар канатының квотасы бойынша 10 делегат дауыс беру арқылы сайланды. Жиын соңында Жұмабек Шажабаев жаңадан сайланған Қымбат Нұржанқызына және делегаттарға сәттілік тіледі.

Б.САРЫБАС.

тағылымды тараулары мол. Иә, тұмақ бар жерде – өлмек бар.

Елімізде бақилық болған адамды арулап жер қойнына тапсыру барысында небір толғандыратын мәселелер туындап жататыны белгілі. Кейбір аймақтарда мәйітті жерлеу рәсімдерін атқару барысында қайшылықтар кездеседі. Шариятқа сай емес рәсімдерді қолданушылар да жоқ емес. Қазақ халқының қаза болған адамды ақтық сапарға аттандыру салттары тікелей шариятпен орындалған. Аталмыш кітапта осы мәселелер кеңінен талқыланып, халыққа түсінікті әрі оң жолдарды ұсынады. Нақтырақ айтқанда, адам өмірден өткен соң қалай көңіл айту, мәйітті қалай жуындырып, кебіндеу, қазалы үйден қалай ас ішу керек? Жаназаның тәртібі, мәйітті жерлеу, топырақ салу, жоқтау, содан кейінгі жетісі, қырқы, елу екілігі, жүзі, жылы, ас беру сынды салттарды егжей-тегжейлі баяндайды. Жиынға келген ауыл ақсақалдары да сөз сөйлеп, ауылдық жердегі кейбір келеңсіз жағдайларды ортаға салып, ой бөлісті. Жалпы қазақ жұрты осы кітаптың бағытымен айтылған салттарды атқарғаны өте дұрыс екеніне көзіміз жетті.

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Жұмыспен қамту орталығына 2017 жылы 2637 азаматпен әлеуметтік келісім-шарт жасалып жұмыс жүргізілуі жоспарланған. Оның ішінде өзін-өзі қамтыған азаматтар – 1295, жұмыссыз –

Халықты жұмыспен қамту орталығының қыркүйек айына мәліметі

1040 азамат, тұрмыстық жағдайы төмен отбасылар – 50 азамат. Қазіргі уақытта 2315 азаматпен әлеуметтік келісім-шарт жасалынды.

I Бағыт.

Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету.

Қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына 2017 жылға 490 азаматқа 82 млн 618 мың теңге жоспарланып отыр. Қазіргі таңда 490 азамат оқуға жіберіліп, 57 млн. 218 мың теңге игерілді, 249 адам тұрақты жұмыспен қамтылды, 1 азамат әскерге кетті.

II Бағыт.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту.

2017 жылы “Бастау бизнес” бағдарламасы бойынша 184 азаматты оқуға жіберу жоспарланған. Қазіргі уақытта 120 азамат тест тапсырып, 86 азамат тестен өтті. Тестен өткен азаматтар кәсіпкерлік негіздері курсын бітіргені туралы сертификат алды. 27 азамат тест тапсырып, оқуын жалғастыруда. Оқу аяқталғаннан кейін жолдамамен шағын несие алуға жіберіледі. 2017 жылға 39 азаматқа 289 млн. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 61 азаматтың жобасы мақұлданып, 302 млн. 770 мың теңге игерілді.

III Бағыт.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту.

Бұл бағыт бойынша Ақылы қоғамдық жұмыс, Әлеуметтік жұмыс орындары, Жастар практикасына тапсырыс берген жұмыс берушілер тізімдері жасалып, бекітілді. Ақылы қоғамдық жұмысқа – 494 азамат жіберіліп, 48 млн. 870 мың теңге игерілді. Әлеуметтік жұмыс орындарына – 112 азамат жіберіліп, 14 млн. 014 мың теңге игерілді. Жастар практикасына – 117 азамат жіберіліп, 24 млн. 030 мың теңге игерілді.

Б.ДОЛДАБАЕВ,
халықты жұмыспен қамту орталығының директоры.

Параспортшылар жарысы өтті

Әлеуметтік жобаларды қолдау мақсатында облыс бойынша аудан, қалалардан 70-ке жуық жоба ұсынылған болатын. Осы жобаларды қолдау

спортшыларға көмек көрсету жобасы да үздік деп табылып, аудандық «Мүгедек спортшылар федерациясына» да сыйақы бөлінген еді. Бөлінген сыйақының 200 000

саласына өзіндік септігін тигізу үшін мүмкіндік туғызды.

Осыған орай жуырда аудандық спорт кешенінде Қарасай ауданының «Жігер» мүгедек спортшылар федерациясы мен Жамбыл аудандық «Мүгедек спортшылар федерациясы» спортшыларының арасында достық кездесу өтті. Достық кездесуде аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ермек Қартаңбаев сөз сөйледі. Ол ауданымыздың мүмкіндігі шектеулі спортшыларының жеткен жетістіктеріне тоқталып, жарысқа сәттілік тіледі.

Достық кездесуде көзі көрмейтіндерге арналған гандбол ойыны, шахмат, тоғызқұмалақ, стол теннисі сияқты бірнеше спорт түрінен екі ауданның спортшылары бақ сынады. Бұл кездесуде командалар достық туын желбіретіп, бір-бірін құттықтап, тарқасты.

Е.ЕРКІН.



мақсатында облыстан 4 500 000 теңге сыйақы бөлініп, ұсынылған 70 жобаның 15-і облыс әкімінің қаржылай қолдауына ие болды. Сол жобаның ішінде мүгедек

теңгесіне федерация басшысы Серғазы Мұстахимов мүгедек спортшыларға арнайы спорттық жабдықтар алып, мүмкіндігі шектеулі жандарға спорт

Басы өткен санда.

Функционалдық топ	Кіші функция	Бағдарлама әкiмшiсi	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
	2			Қаржылық қызмет	30290
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	30290
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19363
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1761
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты лауларды реттеу	2800
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6366
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	26033
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	26033
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18053
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7980
2				Қорғаныс	31643
	1			Әскери мұқтаждар	3858
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3858
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3858
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	27785
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	27785
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	26853
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	932
3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	10470
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	10470
		485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10470
			021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	10470
4				Білім беру	12964278
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1457398
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1322778
			009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	146000
			040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	1176778
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	134620
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	134620
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	10553045
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6339641
			003	Жалпы білім беру	6208258
			006	Балаларға қосымша білім беру	131383
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	118313
			017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	118313
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4095091
			024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	4095091
	4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	28149
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	28149
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	28149
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	925686
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	925686
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14779
			004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	24000
			005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	238015
			012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6390
			015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	47080
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	595422
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	603522
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	86592
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	77042
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4742
			016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	47521
			025	«Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	24779
		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	9550
			030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1107
			031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	8443
	2			Әлеуметтік көмек	479047
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	479047

			002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	207675
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	47272
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	10098
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	29386
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	4084
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	56199
			017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	83126
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	41207
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	37883
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	37883
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31108
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2856
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	226
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	3543
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	150
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1515927
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	120481
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7467
			016	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу	7467
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	54270
			003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	2000
			004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	52270
		487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	58744
			001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	14804
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	43940
	2			Коммуналдық шаруашылық	1230705
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	5957
			014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	5957
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	18961
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	18961
		487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	1205787
			016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	81410
			026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	37689
		058		Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1086688
3				Елді-мекендерді көркейту	164741
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4314
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	900
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3414
		487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	160427
			017	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	51000
			025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	100210
			030	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	9217
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	536532
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	159123
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	157227
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	157227
		467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1896
			011	Мәдениет объектілерін дамыту	1896
	2			Спорт	11126
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	11126
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6188
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	330
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	482
			007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4126
	3			Ақпараттық кеңістік	101121
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	81982
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	80947

			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	1035
бағдарламалық мақаласы туралы өз ойын еркін жеткізе алған 11 «Ә» сынып оқушысы Акерке Ибрагимова бірінші орынға, Балжан Орақбай мен Мирас Нұртаз екінші орынға, Мөлдір Жемісбек пен Әйгерім Жақсын үшінші орынға ие болып, мақтау қағаздарымен

марапатталды. Осылайша, жаңғыру бағытындағы айтулы іс-шара өз мәресіне жетті.

С.ҚАЛЖАНОВА,
Жамбыл атындағы орта
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Отансүйгіштік – асыл қасиет

Жуырда Қасымбек ауылындағы білім ордасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы бойынша мектепшілік шығарма байқауы өтті. Аталмыш байқаудың мақсаты – Мемлекет

басшысының аталған мақаладағы негізгі ережелерді іске асыру аясында оқушылар арасында отансүйгіштікті нығайтып, алға қарай көш түзеп, осынау тың бағдарламаны тереңірек зерттеп, мағынасына үңіліп оқу әрбір азаматтың басты міндеті екенін түсіндіру болатын. Осыған орай, мектеп оқушылары өз ойларын еркін жеткізіп, «Рухани жаңғыру, туған жер» тақырыбында шығарма жазды. Саралау барысында ең үздік деп танылған шығармалар мазмұны мен құрылымы жағынан тексерілді. Нәтижесінде, 9-сынып оқушылары Балнұр Жақсылықова І орынды, Манас Жақсыберген ІІ орынды, 10-сынып оқушылары Гүлжан Оманова І орынды, Ботагөз Ұзақ ІІ орынды және 11-сынып оқушылары Анель Ынтықбай І орынды, Рамазан Мұқажанов ІІ орынды, Арман Молдағұл ІІІ орынды иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Н.НҰРМАХАМБЕТ,
Қасымбек ауылындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы – биылғы жылғы Елбасы Жолдауының рухани жалғасы. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек – бағдарламалық

Ұлттық болмыс пен дәстүр

құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр. Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматты өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Н.СӘЛІМБАЕВА.

Аптап ыстықтың беті қайтып, Алатау жоталарынан жазыққа қарай қоныр салқын леп есті. Күндіз қуыс-қуысқа тығылған жәндік атаулы үндерін жаңа шығарып, бұл дүниеде бар екендігін сездіргендей сан алуан дыбыстарымен даланың кешкі сазына өз әуендерін қосты. Тек осы маңайдағы жалғыз өзеннің қасында тұрған шөп байлағыш агрегаттың айналасы ғана күндізгі бірқалыпты шуылын әлі өзгерткен жоқ.

Еділ қолындағы айырын жерге шаншыды да, шаңы бұрқыраған агрегаттан аулағырақ шегінді. Қолын көлегейлеп күнге көз салып еді, нарттай болып жанып, тау жоталарының астына шөгіп бара жатыр екен. Жұмыстың аяқталуына да көп уақыт қалған жоқ екен ғой деген ой келісімен, кешкі салқын ауамен бойына әлдебір күш-қуат пайда болғандай сезінді. Балаң келген арық денесін шапшаң қимылдатып, қанша қылғытса да тоймайтын темір ауызға әбден кепкен үйме шөпті үнсіз тыққыштап тұрған Төкеннің қарсысына тұра қалып, айырымен өршелене қимылдай бастады. Төкен екеуінің жасы құралпылас. Екеуі де жаз бойы шөпшілер бригадасында жұмыс істейді. Еңбекақы табады. Үйдегі жалғыз сиырдың да бір қыстық азығын алады. Қаланың баласы болса да Төкен жазғы қаникулда ауылдағы апайына қонаққа келген сайын шөпшілер бригадасында жұмыс істеуді әдетке айналдырған. Еділмен тез арада-ақ достасып кеткен. Жұмысқа ыңғайлы, шымыр сары баланы тракторшы Бөденнің де іші жек көрмейді.

— Қалада өскен бала деп кім айтады осыны. Айырмен шөп лақтырғанда оқушы жасөспірім бала деп ешбір ойламайсың, — дейді кейде көрші агрегаттың қасында демалып отырып. — Мұндай көмекшілермен еңбеккүнді сапырып тұрып алуға болады, әрине, тек тракторың ақаусыз істеп тұрсын де.

Көрші агрегаттың тракторшысы Сабыр оның сөзін қабағын шыта тындайды. Жоспарды орындаудың керектігін ол да түсінеді. Бірақ, көршілес Бөден агрегатының жұмысы оған ұнаймайды. Рас, өткен айда жұртпен қатар екі агрегат та тапсырманы асыра орындады. Бөденнің көрсеткіші сәл жоғарылау болды. Тек алыста жұмыс істеп тұрған көршісіне көзі түскен сайын Сабырдың қабағы еріксіз түйіледі. Агрегаттың барлық қорғаныш жапқыштары алынып тасталған. Әрине, солай жұмыс істегенде оңайырақ екені де рас. Әлсін-әлсін үзіле беретін сақтандырғыш сымды ауыстырғанда жапқышын алып-салып әуре болып жатпайсың. Тек олай істеудің қауіпті екенін Сабыр Бөденге әлденеше рет ескертіп еді, анау:

— Байқап жұмыс істесе ешбір қауіп жоқ. Ал озып кеткендерді қуып жету үшін қолдан келген амалды істеп баққан дұрыс қой, — деп қарқ-қарқ күлген. Екі тракторшы содан бері бір-бірімен ашылып сөйлесуден қалған. Қазір де күнбатыс беттегі қалың шілік қасында қарайып көрінген көршілеріне мысқылды күлкімен бір қарап алған Бөден шөпшілер еркелетіп, «Сарыала қаз» деп атап кеткен қызыл сары «ДТ-75» маркалы тракторының ішіне кіріп, рычагін өзіне қарай тартты. Трактор маңайды жаңғырықтыра ышқынып-ышқынып алды да, жым-жырт тыныштала қалды. Айналада әп-сәтте құлаққа ұрған танадай жанға жайлы үнсіздік орнады.

— Бүгінге осы да жетеді, жігіттер, — Бөден кабинадан түсе бере көңілдене дауыстады, — Қараңғылық түспей қосқа жетіп алайық. Бүгін жоспарды сәл асыра орындадық. Мана білік темір орнынан тайып кетпегенде, бір жарым норманы да көрсетіп жібергендей екенсіңдер.

Екі бала айырларын салдырлата агрегат дөңгелегінің астына қатарластыра тастады. Устерінің шаңын қакты. Бет-ауыздары қап-қара. Тек тістері мен көздері ғана жылтырайды.

— Ештеңе етпейді, — деп үн қатты Бөден тағы да. — Ертең көктік шөпті байлаймыз. Шаннан құтыласыңдар. Ал, болсаңдар кеттік.

Кешкі дала төсі көкжиекке дейін еркін көсіліп жатыр. Көп ұзамай ымырт та үйіріліп, қараңғылық қоюлана бастайды. Шөпшілер қосы екі қырдың астында.

Таза ауамен кеудесін кере дем алған Еділ досына әлдене айтқысы келгендей тосып алды. Сосын қолымен алдыңғы бетті нұсқап әлдене деді де, кенет көк шалғынды кеше бар пәрменімен жүгіре жөнелді. Әлдекандай бір алып күш кеудесіне симай алып-ұшып көтеріп бара жатқандай. Алдынан кезіккен болмашы жыра, төмпешіктерден екпіндей секіреді. Төкен досының соңынан ұмтылды.

— Еһ-ей, ей, еһ-ей!

Аздан соң екі қарайған шілікті орай өтіп, алдағы қыр басына өрмелеп бара жатты.

АЮСАЙ АҢҒАРЫНДА

• Әңгіме



— Баламысың деген-ай! Желігулерін қарашы! — Бөден өзінен-өзі сөйлеп келеді. — Апырай, мына екеуін ала таңнан тұрып шөп айырлады деп кім ойлар, шаршауды білмейді ғой, жүгірмектер!

Еділдер жүгірген бойы келесі қырдың басына шыққанда жартас табанында кешкі шапақ сәулесімен ағарып жатқан бастау бойындағы шөпшілер қосы да көрінді.

Өр жақтан жұмыстарын бітірген шөпшілердің қосқа қайтып келе жатқан дауыстары естіледі. Қостың қасындағы дала қазандығының мұржасынан шұбалған түгін тіп-тіке аспанға өрмелеп, темірқазық жұлдызы туар тұсқа жетер-жетпесте қозғалыссыз ілініп қалыпты.

Еділ қарнының ашқанын енді сезді. Аяғының астындағы майда тастардан абайлай секіріп төмен түсе бастады. Қосқа жақындағанда ең алғашқы сезгені қазан жақтан тараған піскен астың жағымды иісі еді. Екі бала қолдарына сүлгі, сабындарын ала бастау басына барып, кеуделеріне дейін шешініп, қайнардың мұздай салқын суына рахаттана жуынды. Бұлар стол басына келгенде жұрттың алды кешкі тамақты орталап та қалған еді. Орталарынан аузынан Алласы түспейтін діндарлығы үшін шөпшілер «жарықтық» деп атап кеткен шөп жинаушы агрегаттың тракторшысы Дәрменнің әлденені қызына әңгімелеген дауысы естіледі. Жұрттың бәрін аузына қаратып отыр. Бұлар да тиесілі астарын қазаннан салғызып алып, ыдыстарын көтере келіп, Дәрменге жақындау орынға келіп отыра бастады. Құлақтары әңгімеге түрулі.

— Мен тырнауыш жөндеуге кіріссем, мына екеуі, — «Жарықтық» көмекшісі Бәкіжан дейтін бала мен шөп маялағыштың тракторшысы Жанболатты нұсқады, — Қарақат тереміз деп Аюсайға кіріп кетіпті. Е-е, барса барсын деп мен жатырмын. Біраз уақыт өтті, бұлар жоқ. Әлгі қорапшаның үлкен тетігі ағытылмай ит-сілікпемді шығарып, екеуіне жатып келіп ашуланайын. Орнымнан тұрып сай қойнауында қалың өскен тоғайға көз салып қоямын. Жым-жырт. Бұларды жер жұтып кетті ме деп қолымның майын сұрткелі трактордан ескі шүберекті ала беріп едім, сай жақтан әлдененің өкірген дауысы шықты. Расын айтсам, бастапқыда аса мән бергемін жоқ. Апырай, мына Жанболат, шіркін, есersоктанып тағы да ана баланы қорқытпақшы болып жүр ғой деп топшыладым. Ойлағанымдай, Бәкіжанның шошынған айғайы естілді. «Қап, мынау баланың жүрегін жаратын болды ғой, — деп қолымды сүрте тоғайға қарай жүрдім. Шеткі бұтаға жете бергенімде кенет бұтаның

арасынан мынау атып шықты. — «Жарықтық» иегімен манадан бері әңгімені үнсіз тындап отырған Бәкіжанды нұсқады, — Көйлегінің екі етегі екі жаққа жайылып кеткен. Артына қарап-қарап қойып зытып келеді. Өншейінде жай жүргенінің өзінде доға секілді иілетін аяқтары жүгірген сәтте тіпті сұмдық екен. Әр бес-алты қадам аттаған сайын бірін-бірі іліп қалып, Бәкенді мұрттай ұшырады. Бұл тұра салып тағы ұмтылады. Алдында кесе көлденең тұрған маған да қарайлауға мұршасы жоқ. Әлдене деп бажылдады да

қасымнан өте шықты. Әлденеден қатты шошынғаны көрініп тұр. Тоғайда не болуы мүмкін деген дұдмал оймен соңынан тұра кудым. Жеткізетін түрі де жоқ еді, дес бергенде аяқтары тағы шалынысып қалып, трактордың қасында мұрттай ұшқанда ұстадым-ау.

— Не болды? — десем, сөйлеуге тілі келмей күрмеліп, екі қолын ербеңдетіп, тоғайды көрсете береді. Тоғайға қараймын. Ештеңе көрінбейді. «Жанболат, Жанболат...», — дейді дауысы дірілдеп.

— Е, көсегең көгергір, соншама қорқытқаны несі баланы, — деп арқасынан қаға беріп едім, эне, эне деп тоғайды көрсетті. Тоғайға қарасам бұта арасынан сабалақ жүнді бірдеңе шығып келеді.

— Ойбай, аю ғой мынау! — деппін. Еріксіз трактордың артына жасырындық. Біреу сиқырлап қойғандай тоғай жаққа тесіліп қарап қалыппыз. Әлгі неме жұмыс істеп тұрған трактордан сескенді ме, жоқ ашық далаға шыққысы келмеді ме, артқы екі аяғына көтеріліп, біраз уақыт бізге қарап тұрды да, өкіре секіріп түсіп тоғайға қайта кіріп жоқ болды. Трактордың артынан сығалай қарап біз тұрмыз. Жанболатымыз жоқ. Көз алдыма аю жарып жатқан Жанболат елестейді. Қой, не де болса барайық деп қолымызға бір-бір білік темір алып тоғайға кіргелі келе жатсақ, алдымыздан қалпағы толы қарақаты бар Жанболат шығып келеді. Біздің құтымыз қашып кетсе керек, өзі де не болды деп сасып қалды. Сөйтсек, құлағының мүкісі бар бұл байғұс ештеңе естімепті. Біз аю туралы айтқан соң зәресі ұшты ғой мұның да.

— Бұтаның астында қарақат теріп жатсам, біреудің аяқ дыбысы шыққандай болды, — деп әңгімені енді Бәкіжан іліп әкетті. — Жанболат қой деп жата бердім. Түп бұтаның алыстау бір сабағындағы қарақат жидегіне қол созсам, ар жағында жүні сабалақ-сабалақ бірдеңе тоғай арасында жүр. Қалай тоғайдан шығып тракторға жеткенім есімде жоқ. Тек екі-үш рет қатты құладым білем, екі алақанымды қараған бұталары жырып кетіпті.

Стол басында отырғандар болған жайды көпке дейін әңгіме етті. Еділ асын ішіп болып, балалар түнейтін шағын қосқа қарай бет алды. Манадан бері маса шағып зықысын шығарып отыр еді. Күрке ішіне біреу масаға қарсы түгін салып қойыпты. Төсегіне шалқасынан түсіп жата кетті. Күндегідей Төкенмен шахмат ойнауға да зауқы соқпады. Шаршағанын енді сезді. Сырттан Төкен кірді.

— Ертең біз де аю көретін болдық, — деп хабарлады досы. — Бригадир Аюсайдан

қасындағы ойпаттың шөбін байлайсыңдар, — деді.

Аюсай дегендері үш жағынан құлама құз жартас төнген қарақөлеңке сай екен. Сай ішін қалың өскен терек пен қарақат бұталары ит тұмсығы батпас нуға айналдырыпты. Еділдің көкейінде кешегі шөпшілер көрген қоныр аю. Қазір шыға келетіндей тоғай жаққа жалтақтап қарап қояды. Төкен де қарақаттың дәмін татқысы келіп жүрген сияқты. Әлсін-әлсін Бөден жаққа қарай береді. Тракторшыда үн жоқ. Агрегаттың артынан шығып жатқан бауларды текшелеп үйіп жүр. Күн манағыдай емес ыси бастаған. Аспанда күн көзін жабар шөкімдей бұлт болсайшы. Еділ онсыз да күнге күйіп қап- қара болып кеткен денесін жалаңаштап, көйлегін сыпырып тастады.

— Еділ! — Бөден агрегаттың артынан көңілді дауыстады. — Төкен өзі де үлгерер. Сен Аюсайға барып қарақат теріп келсең қайтеді. Біз де ауыз тиейік.

Еділ ойыны ма шыны ма дегендей тракторшыға аңқа қарады. Жұмыс үстінде қарақаты несі?!

— Рас айтамын. Барып кел. Әлде аюдан қорқып тұрмысың?

Бала жігіт бұл сөзге шамданып қалды. Әлденеге белін бекем бұғандай айырын шөпке шаныша салды да, трактордың кабинасында жатқан қалпағын киіп, тоғайға қарай жүре берді.

— Еділ, байқа, бірдеңе көрінсе айғай сал. Төкен досының артынан күлімсірей үн қатты.

— Аю болмақ түгіл арыстан болса да айырмен түйреп аламын.

Тоғай іші ала көлеңке салқын екен. Еділ жүрегінің қобалжығанын сезді. Алысқа ұзамай тоғай шетіндегі сирек бұталардан біраз жидек терді. Әлсін- әлсін айналасына абайлап қарап қояды. Әлден соң жүрегі орныққандай болып, тоғай ішіне бойлай кірді. Ішкі бетте қарақат қалың өскен екен. Еділ аздан соң қарақаттың қызығымен аю жайын ұмытып та кетті. Қалпағы толған соң қарақаты қалындау өскен бір-екі бұтақты да сындырып, қолтығына қысып алды. Енді тоғайдан шықса да болады.

Басын көтере берген Еділ кенет өзі келген жақтан шыққан ащы дауысты естіп, орнында қалшыып тұра қалды. Дауыс қайтып естілген жоқ. Еділ бұталарды жапыра сай аузына қарай ұмтылды. Жүрегі алып-ұшып алқымына келді. Жарыққа шыға келгенде алыстан көрінген трактор маңында әлденеге күйбендеп ерсілі-қарсылы жүгіріп жүрген Бөденді көрді. Төкен көрінбеді. Бір сұмдықтың болғанын сезген Еділ енді бар пәрменімен жүгірді. Жақындай бере байқады. Төкен агрегаттың арғы бетінде ыңырысып жатыр. Өне бойы қанға боялған. Оң аяғының тізеден төменгі жіліншігі мүлде жоқ. Мына сұмдықты көрген Еділ енді жанұшыра қосқа қарай жүгірді. Бұлардың бағына шөпшілер машинасы қоста екен. Аяғын Бөден шала-пұла көйлегімен таңып, тізеден жоғары жағын қанды тоқтату үшін жіппен шандып тастаған Төкенді еппен машинаға көтеріп салысты. Жаралыда дыбыс жоқ. Үн-түнсіз сұлқ жатыр. Машина жүріп кетті.

— Қалай болғанын өзім де байқамай қалдым, — деп жыламсырай үн қатты Бөден.

— Тіркеуіштің үстінен аттап өтпекші болды білем. Шалбарының балағын айналып тұрған білік темір іліп әкеткені. Бұрап әкеліп бір-ақ соқты.

— Білік темірдің қоршауы қайда, оңбаған! — деп, бригадир Бөденді ұрып жіберердей зіркілдеді. — Өрімдей баланы мүгедек еттің ғой. Заң алдында жауап бересің бұл ісің үшін.

Бұл маңға жаңа жеткен Сабыр сылқ етіп отыра кетті.

— Біліп едім, осылай аяқталатынын. Мен кінәлімін. Дер кезінде тоқтатпадым, өткен.

Еділ айғай-шуды естіген жоқ. Көз алдындағы манағы суреттен есінен айырылып қалған бала булыққан жасын жұтып, жол бойымен машина кеткен жаққа қарап тұрып қалды. Өкініш оты өзегін өртеп бара жатқандай.

Шәріпбек УАҒЫЗҰЛЫ.

ЕСҚОЖА БАБА

(поэмадан үзінді)

Екінші жыр

Есқожа қас батырым, қарқаралым,
Ар жүгін, ел намысын арқаладың.
Арысым, алпамысым, әрі ақылшым,
Ойыңнан айналайын шалқар ағын.

Мұратқа айдар қойған ұл жетеді.
Көктейді Малдыстықтың құлжа тегі.
Сабырға өз ақылын тізгін болсын,
Бура күн буырқанып бұл да өтеді.

Бусанса байтақ өлке алып туған,
Қызғалдақ қол бұлғайды жанып қырдан.
Арыстанның жалындай далбағайы,
Көксауыт көздің жауын қарықтырған.

Боз оба қалды артта «Қанды күлген»,
Уыт ой, усойқы боп тамды тілден.
Қара жер, уық – бесік тербетілді,
«Ойжелке» жол жорғасын салды бірден.

Осында асқаның да, тосқаның да,
Бәрі де тезге түсті қас-қағымда.
Жау қарасы ірілеп түсті көзге,
Найманбайдың белінен асқанында.

Шоқпарға тіл біткендей тақымдағы,
Қызыл қан қап-қара боп ақылдағы,
Қуғыншы тамырлата бұлақ бойлай,
Есқожа сарбазымен жақындады.

Бұлт оранып аспанның тегіс төрі,
Қынаптай үңіреді өңі іштегі.
Қызыл ауыз ақ бозын тең тебініп,
Қылыш ұстап Ақкөбік еңістеді.

Тосыннан бір үмітті санылау етем,
Амал не, іс жазды ғой Алла бөтен.
Қалың қол дүбірлете жылқы қуып,
Екі шерік қасында қалған екен.

Шалдырған елден шыға боз қасқаны,
Қараниет адамның өзге аспаны.
Әкесінің төрінде отырғандай,
Қарасақал бас батыр сөз бастады.

– Тындағын, екі жақтың елшілері,
Кімге түсер бұл жолы көр шідері.
Көзтанасы, көрші жатқан жамағатпыз,
Есқожа, мықты болсаң келші бері!

Ер болсаң Ақкөбіктей тасынарсын,
Ашынарсын, ботам-ай, ашынарсын.
Домалап Мәйтөбенің етегінде
Бір қазақтың қиылған басы қалсын.

Адамның сүйкімдісі малға сағы,
Ұлы көшке жарасқан нар қосағы.
Неліктен қабақ шыттың барымтаға,
Бізден кейін әлі де жалғасады.

Жетіпсің-ау, кәрі боз алып-ұшып,
Сауытың барқын күнге шағылысып.
Жайлауымда жатады енді малың,
Ыстықкөлдің суынан қанып ішіп.

Өлсіздің жұртта қалған қосы қара,
Күлкі болдың, мінеки, досыңа да.
Талай-талай батырды шөктіргенмін,
Әулиені көргенім осы ғана.

Дүркіреп қорығынан құлан қашты,
Адамда да бар екен жыланбасты.
Жын ба, әлде, пері ме көктен түскен,
Ажалына ұмтылды бір албасты.

– Сабырға шақырамын алғашқыда,
Қызбадан, қазымырдан қалмас мұра.
Ежелден қадірлісің, қырғыз елі,
Бір жағы үкілеген жамбас құда.

Көңілде қалып ойдың қара қағы,
Бауырлас от өшпесін арадағы.
Негізі, жылқы қуу жау ісі ғой,
Ел бірлігін бұзғаның жарамады.

Арам ой беріш болып қалды қатып,
Неліктен мақсат қойдың алдына тік?
Тұтығып, қан жұттың ғой қасқа жолда,
Жын-шайтан екі езуді жалбыратып.

Сөзімнен бұзылмайды мақал әрі,
(Жолда қап Ақкөбіктің атақ, ары).
Қызыл ауыз, ақбоздың бақытына
Осы сай «Қызылауыз» атанады.

Алдаспанын алатын терең малып,
Қазақ қой, әрқашанда кенен халық.
Көкөзектің мол суы көбік шашар,
Күркіреудің астында денең қалып.

Үзенгі теңестірдің қашан маған,
Өзінді айдаһар ой қоса арбаған.
Ішінде қара қазан сақырлады
Қайта бір Алатаудан аса алмаған.

Іңкәр жанмын көретін зейінді көл,
Жарқын ой жиһанкезден кейін жүрер.
Таста қалған тұяғын «Ойжелкенің»,
Тұлпар ізі деп айтар кейінгілер.

Ұмтылған Есқожаның пірі басып,
Ақкөбік секем алды түрі қашып.
Қылышын сонда дағы сермейді өткір,
Үрейі қашқан шақта Қырым асып.

Қалқаннан үйіріле жанды жалын,
Сұм ажал алады екен андығанын.
Шоқпарға Ақкөбіктің өзі ұрынды,
Тізгінсіз тоқтата алмай арғымағын.

Сұмдықты қос шеріктің көзі көрді,
Елік үрей зауласа кезіп өрді.
Ойжелкеден түсе қап алып тұлға
Иман суын бұлақтың өзі берді...

Желпінген шақта суық жан ызғары,
Қалтырады қыр гүлі тамыздағы.
Ақындар мен батырлар елі деген,
Есқожадан осылай аңыз қалды...

Гүл өлке үлбіреген жаныңа азық,
Бұлақтың жазықтағы әні нәзік.
Мәйтөбе мен Қастекті көгендеген,
Сарымсақты, сағақты Сарыжазық.

Өр ақын бар билікті мықтыдан ап,
Қыран көз жан-жағына шықты қарап.
Тарт, өрге! – деді ызғарлы Шойынжан би,
Мырзбекті билеген түкті қабақ.

Ақылмен әлімсақтан алдын орай,
Шашылды көкжиектен алтын арай.
Сабырын салиқалы сақтаған жан,
Тағынан иек қакты хан Нұрабай!

Жаратқан шашса ылғи баққа нұрды,
Көңілден күмістей бір ақ қағылды.
Балпаң басқан Саурықты жетелеп кеп,
Көкжал Кәшке күлімдеп топқа кірді.

– Ағайын, айналайын дидарыңнан,
Алпыс екі тамырым мида ағылған.
Қарадан төре атанған бозым едім,
Ақ көңіл әлпештеген сыйға құрбан.

Атаға ықылымнан бала шырын,
Мұндайда жасырар ма дана сырын.
Елі менен жеріне қорған болып,
Қатарынан озса екен қарашығым!

Жүйріктің тасырқаса тағасызы,
Жасқантады мұндай да аға сұсы.
Түрікпеннің тұлғалы немересі,
Қарақыпшақ Қобыланды нағашысы.

Шапағаты мол тиген жиі еліне,
Жол берем Қараштайын киеліме.
Жол берем бауырыма, баһадүрге –
Құрама Құлпы бидің жиеніне.

Жарасқан мендей әсем гауһарыма,
Ақ байла Мәйтөбеде тау талына.
Есқожаның аруағы қолдап жүрсін,
Бата бер, мына шұбар таутаныңа.

Асылы үкілеген елді тегі,
Қайысқа айналар ма шелді тері.
Жақсы сөз жасқанбаған жас періні,
Құралайдың желіндей сергітеді.

Болатқа өң кірмей ме қақтағанда,
Бұл ұлпет әлі-ақ мінер ақтабанға.
Жанардан жасын көрдім жарқылдаған,
Қылыштан ары-бері аттағанда.

Ізгілік таза меруерт таққан әрі,
Балаға да лайық бақ қонады.
Қарғадан қарға туса қап-қара боп,
Қыранның балапаны ақ болады.

– Аумин! Бата бердім қолыңды жай,
Әрқашан сараласын жолын құдай.
Алатауға жарассын нар тұлғасы,
Жалдағы гүлдеп тұрған тобылғыдай.

Айналсын иісі қазақ ардағынан,
Таңдай атсын таулардың ар жағынан.
Қолтығы тұлпарлардың сөгілгенде,
Қолдасын Қарасайдан қалған ұран.

Боз сағым көз ұшынан бұрып белді,
Сары жел желпіп өтсе тұнық көлді.
Қараштың әр сөзіне дән риза,
Көпшілік қолдап ала жүріп берді.

Құлашы аламанда жазылатын,
Тағы бір кезек алды Бәзіл ақын.
Сұңқардай шашып барып жіліктеді,
Шежіренің сүбелі қазынасын.

– Ақынмын желі сөзді арқалайтын,
Жүйрікпін топқа салса шаршамайтын.
Ассалаумағалейкум, Есқожа елі,
Батырлығын айтпаса тарқамайтын.

Балаға еркелеткен ойын ардақ,
(Жебесе періштенің бойын аруақ).
Есқожаның ерлігін бір жырлайын,
Саурықтай сұңқар ұлдың тойына арнап.

Дұшпанның таптап өтіп көлегейін,
Ойымның ағытайын телегейін.
Қабырғамнан сүйесе қалың елім,
Ителгідей итініп жөнелейін.

Найзаның сағағына қыл байланды.
(Осылай іске асып ырғай қалды).
Қарақыстақ аңызы сырын ашып,
Әбен шалдың айтқаны жырға айналды.

Барымташы қашан да қашқын адам,
Сондықтан адал ішкен асты бабам.
«Жылау, жылау, жылау күй» бұрқырап кеп,
Мәйтөбе құпиясын ашты маған.

Бір үрей ел көзінен терең ағып,
Орынынан жөңкілді өре халық.
Бортартардан шырқырап бала даусы,
Орынтайдың қара аты келеді алып.

От ұшып жануардың тағасынан,
(Тез жеткен бұл хабардың бағасы нән).
– Бар жылқы барымтаға кетті жана,
Құрақты Көкөзектің жағасынан.

Дұшпанның жанға батып жүт еңбегі,
(Жылқы кетсе яғни күт өлгені).
– Есқожа батыр болса өзі келсін,
Тайта сайы аузында күтем, – деді.

Құранды ерден еппенен тосып Ана,
Өксігін жауабына қосып ала,
«Баламның соңғы сөзі, соңғы сөзі...»
Айтқаны Ақкөбіктің осы ғана.



Өмірбай Өмірзақұлы – 1943 жылы Қарақыстақ ауылында туған. Қазақстанның халық ақыны, нағашы атасы Өмірзақ Қарғабаевтың тәрбиесінде өскен ол өзінің айшықты жырларымен республикаға ерте танылған айтулы ақын. Газеттің осы нөмірінде біз оқырмандар назарына Өмірбай ақынның кейінгі кезеңде жазылған “Есқожа баба” атты поэмасынан үзінді ұсынып отырмыз.

*Есқожа деген елімнен,
Ерлер шыққан еңіреген.*

*Кім жүрген менің шенімнен,
Асыл-жауһар кеткен жоқ,
Әсте менің белімнен...
Жамбыл.*

1.Пролог

Тарбағатай, Сауырдан бастау алып,
Аяғөз сансыз қырдан асқан анық.
Лепсі құмға қарай желпінеді,
Су емес, суырылған дастан ағып.

Алашқа жайылғанда жайлы атағы,
Жетісу құс біткенді сайратады.
Қара жол қалтырайды қалтқыдай,
Ақсуды кешіп барып Ай батады.

Балқытып басқан жерін барады, әне,
Уақыт – замананың қара нары.
Күндіз күміс, түнімен алтын аққан,
Қаратал қаздай мамық таранады.

Теріскей Алатаудан бақ асырған,
Кім қалды ата жұртта жанашырдан.
Қазақтың көші ұзады Жиек жаққа,
Іленің ойға батқан жағасынан.

Шежіре шегенделген мың ғасырмен,
Мың ғасырмен бүгінгі сырласың мен.
Үміттің ақ сәулесі суға айналып,
Шымырлап Шудай үнсіз құмға сіңген.

Көл де қалып елсізде шағалалы,
Боз сағым боз қанатын қағады ары.
Жауқазын жүректегі жалғыз үміт,
Адыраспан гүліндей ағарады.

Қарақұсы жауымның қалықтаған.
Көгімде де ызғар бар жан ұқпаған.
Нарыннан нар ағызды қайран заман,
Тағдырлы ағыстардан жаңылмаған.

Үкімін үнсіз жолдап патша тақтан,
Күркіреп зеңбірегі қырды қаққан.
Отқа орап Шымкала мен Таразымды,
Қоқандап қоқандықтар атқа шапқан.

Дауыл соғып тұтыққан Қарақұмдай,
Өмірі теңселмеген дала мұндай.
Қаптаған қызыл киген, тақиялы,
Түз жеміне тойынған қара құрдай.

Күйі жоқ қонысынан ауған елдің,
Қансыған ескі жұртта қалға көрдім.
Барар жер, басар тауы жоқ қазаққа,
Жаратқан өзің ғана сауға бергін.

Екінші толғаныс

Суықтөбе басы биік,
Мұнар шалған бауырын.
Бура бұлты жасын піп,
Шарықтатқан тау ұлын.

Бала бұлақ мөлдіреген,
Жанға шипа дару сынды.
Таудан ғажап көлді көрдім,
Тамсандырған бар Үйсінді.

Өткір екен шалғыдан бір,
Шыңдар, шыңдар, қалталанған!
Сүйінбайы – шалқыған жыр,
Батырлары арқаланы.

Жұмбақ мұнда қыран саны,
Көкке өрлеген құйын леп.
Солтүстіктің Тянь-Шаны,
Гималайдан биікірек.

Бұл Байсында тұрған адам,
Заманынан асып туып.
Қарасайы ту қадаған,
Жер кіндігін басып тұрып.

Байқалмайды ұлан сыры,
Бәйге сұрлеу қырда қалған.
Саурық пенен Сұраншыны,
Жамбыл болып жырлау арман!
Не болса да бастап көрем...

Бірінші жыр

Құлашы аламанда жазылатын,
Мырзабектен төгілді Бәзіл ақын.
Сұңқардай шашып барып жіліктеді,
Шежіренің сүбелі қазынасын.

Көшкен жардың гүліндей дараланып,
Бөкен ой боктертеле барады ағып.
Төгілген дүмбіл жырдан ауыз тиіп,
Теңіздей буырқанды дана халық.

Есқожа өсиеті

Бетегелі белесте,
Талайлымен егеспе.
Қиялай ұшқан қарлығаш –
Жаз еркесі емес пе.

Қаймықпа қысқы ызғардан,
Өрісті сақта із қалған.
Жарымайды қоңсыға
Қоғалы көлді қызғанған.

Басыңда бүтін баспана,
Тәуба деп отыр асқа да.
Шыңырау құдық екен деп,
Қауғанды қатты тастама.

Өсекші тұрса тұсында,
Атағың кетер Мысырға.
Сырыңды Бетпақты
Күліңді желге ұшырма.

Тоғайлы жерде тұйғын көп,
Жылынғын құрғақ қиды үрлеп.
Сырыңды ашпа жауыңа,
Жамаулы киім кидім деп.

Татулықтың көркі бал,
Құладан ғана кер туар.
Тобылғы гүлін үзбеші,
Жұлмашы, қалкам, серті бар.

Пенденің ісі уақ-ты,
Тәңірім ғана қуатты.
Жадағай, жайдақ екен деп,
Орынсыз кешпе суатты.

Таға алмай келем елге мін,
Осында келкен жорегігім.
Жұртта қалған қазыққа,
Оралып қайта келмегін.

Бала тілі – бал болар,
Өзен көркі – тал болар.
Қара тілдің данасы,
Ауылдың сәні – шал болар.

Қыздары Айға жарасқан,
Бибілер өткен Алаштан.
Ақ киген әже, кемпірлер
Күндігі бұлтпен таласқан.

Арылмас әсте кие, құт,
Несібем күнді жиі еміп.
Түсімді көрген айтайын,
Алатауға сүйеніп.

Дұрыс пішіп толымын,
Бұралған тілдің жолы мың.
Айналайын, ақ жұртым,
Ақ байлап, адал жорығын.

«...Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде...»
Мамықта жатып түс көрдім,
Білмедім ұзақ, келте ме?

Күнгірттеніп күле кеш,
Не түн емес, күн емес.
Жарқырап кетті айнала,
Елесті қуып бір елес.

Жағалай жалын тез жанып,
Жаңғырық шыңды кезді анық.
Жақындады жұлдыздар,
Бүгіле таулар қозғалып.

Тамсантқан талай бекзатты,
Ақша бұлтты жел қакты.
Көзімнің алды көк жайлау,
Көкорай шалғын жер жатты.

Білмедім қайда арланы,
Самала көздер жанды, әне.
Аң патшасы арыстан,
Ақсиды жеті сармағы.

Күркіреп кенет көк аспан,
Жапырақ жауды ағаштан.
Келте құлақ, тығыз жүн,
Еркелігі жарасқан.

Жиекке тие күле күн,
Шашқанда шуақ бір өрім.
«Ойжелке» құлақ қайшылап,
Кісінегенін білемін.

Кеберсіген тұл ерін,
Жасырмады шын өнін.
Ақ ат мінген ақсақал,
«Тәйт!» дегенін білемін.

Шалқыса көлдің төрені,
Не деген байтақ шөл еді.
Онымда да, солымда
Арыстан қаптап келеді.

Осы бір жайға таңғалып,
Түйіндей алмай аңғарып,
Төсегімде ояндым,
Көзімді ашсам жап-жарық.

Жаһанда мынау базарлы,
Дәретті, әрі азанды,
Қақ жарылып қалың ел
Өскенбай абыз сөз алды.

– Самғашы бозым, самғашы,
Ай менен Тұмар таңбасы.
Жолыңа шырақ жағыпты
Пайғамбар берген бал басы.

Жетімдерін жебеген,
Кемтарларын тенеген.
Шаңырағың – береке,
Айшықталар кереген.

Тілегіне жетіп ел,
Кетілген тұяқ жетілер.
Арыстанның жеті сармағы
Өзіңнен қалған жеті бел.

Сөзіңе сай боп жасағы,
Ұрпағың шыңнан асады.
Ақ киізбен көтерген
Хандықпен жерді басады.

Абыздың лаулап реңі,
Сиынғаны пір еді.
Ағытып кемер белдігін,
Саурыққа ғұмыр тіледі...

Өмірбай ӨМІРЗАҚҰЛЫ,
ақын, Жамбыл атындағы
халықаралық сыйлықтың иегері.

ЕҢБЕКТІҢ ҚАДІРІН БІЛГЕНДЕР

Ауданымыз негізінен мал және егін шаруашылығымен тұрақты шұғылданады. Жер жағдайы, жайлауы мен күздеуі, көктеуі мен қыстауы мал шаруашылығына қолайлы,

Жылыжайдың аумағы 1,6 гектарды құрайды екен. Бірінші дақыл бойынша қызанақ пен қияр өнімі жиналып, аудандағы Ұзынағаш пен «Алтын орда» базарларына төмен бағада



шөбі шалғынды төрт-түлік малға құнарлы. Соған сай аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Жанғали Базарбаев мал санының артуына, одан алынатын өнім түрлерінің сапалық жағынан көрсеткіштің жақсы болуына бірден-бір көңіл бөліп келеді. Егін шаруашылығының аяқ алысы қазіргі таңда көңілге тоқ. Биылғы жылы 23 ауылдық округтер бойынша барлық себілген дақылдар 97662 гектарды құраған болса, оның ішінде 18900 гектар күздік бидай, 27966 гектар жаздық арпа, 616 гектар дәндік жүгері, 2006 гектар мақсары, 1330 гектар майбұршақ, 1658 гектар картоп, 984 гектар көкөніс, 602 гектар түрлі бақша өнімдері, 807 гектар сүрлемдік жүгері егілген болатын. Сонымен бірге, 4029 гектарға бір жылдық шөп, 1250 гектарға көп жылдық шөп, 36914 гектарға бұрынғы себілген көп жылдық шөп мал азығы ретінде пайдаланылатын болады. Аудандымыздың малы, өз төлі есебінен көбейіп келеді. Қыстаудан соң, барлық мал түрі көктемгі төл алу науқанынан соң, біртіндеп жайлауға күтіліп бағылуда. Биылғы ауа-райының аптап ыстығына қарамастан астық ору мен шөп шабу науқаны ойдағыдай өтіп, арнайы орын мен қамбаға жиналды.

Аудандағы шаруа қожалықтары мен бірге ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері мен жауапкершілігі шектеулі серіктестігі күзгі жиын терімнен бастап, алдағы қыстың қамын жазда ойлап, мал азығының берік қорын жасап үлгерді. Аз күннен соң, күзгі мал ұрықтандыру науқаны басталатын болады. Өз кезегінде жылыжайда көкөніс түрлерін өсіріп, ысырапсыз жинап алудың алғы шарттары жасалған. Жыл өткен сайын жылыжайлар саны артып келеді. Мұнда жұмысшылар таңмен таласа тұрып, маңдай терлерін төгіп, көкөністі күтіп-баптап өсіріп, суғарып, дәрілеп жүйелі істің тиянағын келтіріп жатыр. Әрине, мол түсім алу үшін жақсылап жұмыс істеу шарт. Қашанда адал еңбектің қайтарымы мол болады. Сонымен жылыжай жұмыстарын көзбен көріп, көңіл сендіру үшін аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бас маманы бас агроном Қайрат Тойшыбековпен арнайы іссапарға шыққан болатынбыз. Бағытымыз – Жамбыл ауылдық округіне қарасты жол бойында орналасқан жылыжай жұмысымен шұғылданатын «Нұрқал» шаруа қожалығы жетекшісі Қалдыбай Әбдіқұлов. Ауданымыздағы жылы жайлардың қазіргі кездегі жұмыстарымен Қайрат Жәндәулетұлы жақынырақ таныстырып, көкөніс түрлеріне ерекше күтіп-баптау жұмыстарының қажет екендігін, барлық дақылдарды егер кезде сорттық тұқымдарды таңдау керектігін, сонымен бірге агротехникалық іс-шараларды (жер жырту өңдеу, себу, шөптеуді) өз уақытымен орындалу керектігін жөніндегі орнықты ойын ортаға салды. Межелі уақыттан соң аумағы үлкен жылыжайға атбасын тіредік. Бізді жұмыс басында жүрген жалын жігерді жас Мақсат Әбдіқұлов қарсы алып жылыжайдың тыныс-тіршілігімен жақын таныстырды.

өткізілген болып шықты. Қазір екінші дақыл бойынша қызанақ пен қиярға күтіп-баптау, дәрілеу, тыңайтқыш беру жұмыстарымен 10 жұмысшы айналысуда екен. Көкөніс өнімдері тамшылатып суғару арқылы ерекше



күтімге алынған. Жылыжай іші түгелдей арнайы жылу батареяларымен қамтамасыз етілген, барлық агро-техникалық шаралар толығымен сақталыпты. Қызанақ пен қиярдың тамырлары шірімес үшін жер асты тамырларына арнайы тыңайтқыш сіңірген. Биылғы түсім мөлшері жақсы болыпты. Мұндағы жұмысшылардың еңбекақысы – 55000 теңге. Жатын орын, тамақпен қамтамасыз етілген. Дәл қазіргі уақытта қызанақ қайтадан түйін салып жатқандығына куә болдық. Жылыжайдағы қызанақ 90-120 күнде ал, қияр 45 күнде толық пісіп жетіледі екен. Ал, жұмысшылар болса бел шешпей білек түре таңның атысынан күннің батысына дейін жылыжайда еңбектенуде. Мақсат қожалық жетекшісі – Қалдыбай ағаның немересі жас та болса бас болып, барлық жұмысты өз жауапкершілігіне алыпты. Талабы тау қамалын бұзарлықтай Мақсаттың тірлігіне риза болып, ісің берекелі әр күнің мерекелі болсын деген ниетпен Қарақыстақ ауылына жол тарттық. Бұл ауылдық округте де шаруасы шалқыған қожалықтар егін және малмен шұғылданып жатқан жайы бар. Солардың бірі Нүсіпов Амантай басқаратын «Амантай» шаруа қожалығының ісі өнімді екен. Қожалық иесінің зайыбы Назымды жұмыс басынан кездестірдік. Өздері өсірген қызанақ, қияр, қырқабат, баялды, қызылша, картоп, пияз, ашты және тәтті бұрышты сауда сәресіне шығарып қойыпты. Аталған көкөніс түрлеріне ауыл тұрғындарынан сұраныс артыпты. Бағасы қалта көтерерлік үлкен базарлардан төмен бағамен сатылуда екен.

«Халқымызда еңбек еткен ішіп жейді» деген қанатты сөз бар ғой. Соған да сай отағасы Амантай бастап, осы көкөніс өсіруді тұрақты қолға алдық. Ерте көктемнен бастап жанұя мүшелері болып, көкөніс түрлерін күтіп-баптап, суғарып, шөптеп еңбек етеміз. Әрине, айтар ауызға оңай болғанымен

көкөністі өсіріп өнімін жинау күрделі жұмыс. Ерінбей еңбек етсең ғана өнімін татасың содан соң, базарға шығарып сатасың, нәтижесінде өзінді асырап, бала-шағаңды бағасың, ал тиыннан теңге құрау – инемен құдық қазғандай десем, қателеспеймін. Ауданда және Алматыда да өткізіліп жүрген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне қатысып келеміз. Қашан да ерінбесең – еңбегің жанады. Оған біз отбасы мүшелері толық көз жеткіздік. “Еңбек қадірін түсініп, жерге еңкейсең жемісін тересің”, – деген Назым Рысқұлованың сөзін қосап, өнімдердің мол болып, табыстарың татымды, еңбектерің жемісті болсын дедік.

Жүрдек Нивамен қайтадан жолға шығып, Үңгіртас ауылдық округіне қарай бағыт алдық. Көлік терезесінен айналаға көз салып келеміз. Шөп сарғайып кең дала алтын түске малынған. Күз айының табалдырық аттағанына тағыда бір көз жеткіздік. Көлік ролінде отырған Қайрат болса, күз шаруа айы екенін тілге тиек етіп, жиын-терімнің ойдағыдай өтіп жатқанын, сонымен бірге агроном мамандығы сан-салалы түрге бөлінетіндігін шаруа адамдарымен ақылдаса, бірлесе жұмыс істеудің оң нәтиже беретіндігін айтып, өзінің бұл салада біраз іс-тәжірибе жинақтап үлгергенін байқатты. Келесі кезекте нақандық жұмыстың көрігін қыздырып жатқан қожалықтардың бірі



– «Жұлдыз» шаруа қожалығы басшысы Бейбітжан Мусинді қарбалас жұмыс басынан кездестірдік. Қожалық жұмысшылары болса картоп қазу мен шұғылданып, құлшына еңбекке кірісіпті. ЮМЗ тракторын тізгіндеген жігіт ағасының жан-жағына қарауға мұршасы жоқ, бар ынтасы жұмыста.



Қазылған картопты екі жұмысшы жинап жүр, маңдайдан аққан терлерін де қарайтын емес, бар мақсаттары картопты қаптап үлгеру ғана. Тау тұлғалы азамат, қожалық жетекшісі Бейбітжанды атқарылып жатқан жұмыстары туралы әңгімеге тартқанымызда бұрыннан таныс бауырларша:

“Жердің қадірін түсініп, ерінбей еңбектенсең маңдай терің ақталады. Меншігімде 32 гектар суармалы жерім бар. Оның ішінде 10 гектар жерге, картоп, тәтті және ашты бұрыш, қызанақ, асқабақ, өсірдім. Картоптың шығымдылығы биыл төмен болып тұр. Өздеріңіз көріп тұрсыздар шөп басып кетті былтыр түсімі жақсы болған еді. Ауа-райынан ба, толық біле алмай тұрмын деп маңдай терін бір сыпырып тастап, әңгімесін

жалғады. Қазан аузы жоғары бұйырғанын алудамыз. Қуатты техникадан 1 ЮМЗ тракторы мен 1 комбайн, 1 К700 таркторлары өз қажетіме жарауда. Бұдан бөлек 240 гектарға жаздық арпа, 120 гектарға күздік бидай егіп, өз уақытында орып, жинап алдым. Көкөністі базарға шығарып және ауылда сатылымға шығарамын. Бауырым Нұрлан екеуміз қожалық жұмыстарының барлық түріне жауаптымыз. Қалай десек те, шалқайып жатқанға жан жуымайды. Кімде-кім алдымен еңбек етсе ғана табыстың тайқазанын тасытуға болады. Әрине, барлық дақыл мен көкөністің бірдей бабын табу мүмкін емес, бәріне төзімділік пен шыдамдылық ізденіс керек. Халқымызда «Талпынған тау асады» деген қанатты қағида бар. Шамамызға қарай талпынып, тірлік жасаудамыз. Тек қана берекесін берсін дейміз. Елде болса, ерніңе тиеді. Соған сай ел қатарлы еңбек жасап, еңсемізді тіктеудеміз деді. Қорасы малға отбасы жанға, қамбасы дәнге, әр күндері берекеге толған қожалық иесі Бейбітжанның тірлігіне риза болып, жолға шыққанда күн түс мезгіліне таяныпты.

Айдарлы, Сарытақұм мен Бозой елді мекендері жартылай шөлейтті сортаң жердің негізін құрайды. Аталған ауылдардың жер жағдайы бақша өнімдері қауын мен қарбыз өсіруге өте қолайлы. Кеңестер одағы тұсында да бұл ауылдың жұртшылығы қауын, қарбыз егіп, соның игілігін көргені белгілі. Сол кездің өзінде Ақши, Бозой мен Айдарлының тіл үйірген қауын, қарбызының дәмі-ай деп тамсанып айтып жүретін едік. Бақша дақылдарын өсіру әлі де өз жалғасын тауып келеді. Қазір де осы үш елді мекендегі тұрғындар бұрынғы кәсібінен қол үзбей қауын, қарбызбен тұрақты шұғылданып жүр. Солардың бірі айдарлылық Бақтияр Ескелов меншігіндегі 6 гектарға қарбыз еккен болатын. Көктемнен бастап отбасы мүшелерімен бірігіп, шөптеп, суғарып еселеп еңбектенді. Жаз бойы еңбектері зая кеткен жоқ. Түсімі де көңілге тоқ. Бұл бақша дақылдарына ерекше күтім керек. Ең керектісі уақытысында суғарып, арасын сиретіп, барынша көңіл бөлсе, ғана өнім береді.

Сонымен Бақтияр 6 гектардан көңіліндегідей қарбыз түсімін алып, саудаға шығарып, аудан тұрғындарын тәтті қарбызбен қамтамасыз етті. Тағы бір осы ауылдың тұрғыны Абай Мұсаев та қарбыз бен қауын өсірудің шебері. Бұл жұмысқа отбасы мүшелерінің барлығы бірдей төселген. Көктем шыға салысымен атызға шығып, қарбыз дәнін сіңіріп, аптап ыстыққа қарамастан қолдарына кетпен мен күрек

алып, еңбек дүбірін қыздырады. Қарбыз түйін салған кезден бастап, бозторғай шырылынан оянып, жұмыс басына аттанады. Содан ел орынға отырған кезде ғана оралып, белін жазады. Қарамағындағы 5 гектардан мол өнім алып, барға қанағат етіп отырған жайы бар. Абай қауынның сортын өзгертуді қолға алып, гүрбек және әміре қауынын будандастырып, нәтижесінде “Самал” қауынын өсіріп, өнімін алды. Қауынды бір-бірімен будандастыру да оңай шаруа емес. Оның да өзіне тән жұмыстары жетерлік. Барлық жағынан зерттеп, зерделеуді қажет ететін ерекше еңбектің бірі. Биылдан бастап самал қауыны аудан жұртшылығының талғамынан шығып, дәмі тіл үйреді деген үмітті ойдамыз.

Тұрсынжан АСҚАРУЛЫ.

Ұзынағаш ауылының құрметті тұрғындары!

Аудан орталығындағы жаңа су құбыры желісінің іске қосылуына байланысты «Жамбыл су құбыры» МКК алдағы уақытта ескі су құбыры желісін тоқтататынын ескертеді. Сондықтан ауыл тұрғындарының жедел арада жаңа су құбыры желісіне қосылғаны لازم.

Осыған байланысты туындайтын мәселелер бойынша мына телефондар арқылы хабарласуға болады:

Тел: 2-10-10; 2-10-92; 2-35-41.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В связи с вводом новой водопроводной сети с.Узынагаш ГКП на пхв «Жамбыл Су кубыры» просит жителей села Узынагаш произвести подключение к НОВОМУ ВОДОПРОВОДУ, так как в дальнейшем старый водопровод будет отключаться.

По вопросам подключения обращаться по телефону: 2-10-10; 2-10-92; 2-35-41.

РЕДАКЦИЯДАН ТҮСІНДІРМЕ:

Аудан экономикасының жыл санап дамуына байланысты Ұзынағаш ауылының тұрғындары үшін барлығы 3 369 млн.теңге қаражат жұмсалып, жалпы ұзындығы 125 шақырымға созылатын жаңа су құбырының желісі тартылғанын білесіздер. Ол туралы газет бетінде бірнеше рет жазылды. Енді осынау желінің игілігін көретін уақыт жетті. Екі жүз метр тереңдіктен сорғы арқылы көтерілетін таза ауыз суды 6 ұңғыма қамтамасыз етеді. Қазіргі заман талаптарына сай зерттелген, тиісті бактерицидтік қондырғымен жабдықталған су қоршау орталығы сіздер мен біздерге қызмет дайын тұр. Ол барлығы 6 мың абонентті қамтуға қабілетті.

Ендеше, бүгінде әрбір аулада тұрған жекеменшік сорғылардан алынатын, химиялық құрамы күмәнді судан гөрі, бір орталықтан келетін, сапасы жоғары таза ауыз суды пайдалану әрбір отбасы үшін әлдеқайда тиімді екені даусыз. Оған қосылу үшін тиісті техникалық шартты «Жамбыл су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынан аласыздар.

◆ **Тұсаукесер**

«МЕН АРАЛ ҚАСІРЕТІН ӨЗ ЖҮРЕГІМНІҢ СҮЗГІСІНЕН ӨТКІЗДІМ»

дейді *«АРАЛ: жоғалған теңізді іздегенде»* атты кітаптың авторы

Бейсенбі күні Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының астыңғы мәжіліс залында жерлесіміз, жазушы Исмаилжан Иминовтың «АРАЛ: в поисках потеряннного моря» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Исмаилжан Иминовтың бұған дейін де бірнеше кітабы жарық көрген болатын. Қарғалы ауылында туып-өсіп, қырық жылға жуық уақыт педагогика саласында жемісті еңбегімен танылған азамат соңғы он жылдың айналасында аса өнімді шығармашылық қызметке бет бұрды. Оның қаламынан туындаған «Родники моего детства», «Моя Кашгария», «По караванному пути великого Чокана», «В Туве, где предков древний род...», «Путешествие по Алтышару», «Край древних городов» атты әдеби-көркем публицистика жанрында жазылған тарихи-танымдық кітаптары мен географиялық экспедициялар барысын айшықтайтын әдеби жолжазбалары Ресей және Қазақстан оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп үлгерді.

Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетінің түлегі, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің білікті маманы Исмаилжан Әбдіқадырұлы өз шығармаларын негізінде орыс тілінде жазады. Тартымды оқиғаларды шұрайлы тілмен өрнектей білегін автордың төл туындылары ұйғыр, қазақ, ағылшын тілдеріне аударылған, «Мысль», «Мир путешествий», «Провинция», «Нива», «Простор», «Акикат», «Ижаткар» журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Алатау», «Ұйғур авазы», «Огни Алатау», т.б. республикалық, облыстық басылымдарда, Ресей мен Қазақстанның әдеби порталдары мен интернет сайттарында тұрақты жарияланып келеді.

Кітаптың тұсаукесер рәсімін «Аралды құтқару» Халықаралық Қорының атқарушы директоры Болат Бекнияз мырза модератор ретінде ашып, жүргізіп отырды. Жиында әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің профессоры, география ғылымдарының докторы Шарип Надыров,

Дүйсенбі күні ымырт жабыла Үмбетәлі ауылынан қайтқан бетіміз еді, алыстан алау көрінді. Тау өргеніп жатыр. Ұзыннан-ұзақ созылған от сірә, жол бойлай жанған-ау, биікке шаншыла, жиырма шақырымға



жуық жерден жалқындана жарық шашады. Күндізгі аптап ыстықтың кезі болса бір сәрі, түн қараңғысына енді енетін туған жеріміздің мына өрттен ышқына ыңыранған даусы естілгендей болды.

Әдетте, «осы бір баклашка деген бәленіздің өзі жата-жата күн көзінен қызып, өрт тудырады»-мыс, немесе, «Ой, жолаушы көлігінің терезесінен лақтырылған темекінің тұқылынан от шығып, жолдың екі жиегінен басталған өрт өрши жөнеледі екен...», яки, «өрісте жүрген малшының, диканның бейқамдығы өртке себепкер болыпты, оны даладағы жел іліп әкетіпті...», деген сияқты «аңызды» әркім-әркімнің ләмінен ұғатынбыз. Мүмкін. Адамның ақылсыз әрекеті аз ба. Әйтеуір, әдейі емес шығар деп алаң көңілді жұбатып, осы «аңыздарға» әжептеуір иланатынбыз.

Ал енді мына адам баласының аяғы әрең жететін таудағы түнгі өртке не себеп? Жауабын таппай дал боламыз. Әрине, адам баласының қолы тимесе, от шыға ма деген күдікті ой шырмайды санамызды. Бұл пасық ниетті пенденің бірі қасақана жасаған қылмыс екенін және ол үшін енді ешкімнің де жазаланбайтынын ойлағанда ет жүрегіңіз езіліп сала береді. Қаулап өскен қайран шөп қауға айналған кезінде күтірлеп, батырлап жанып жатыр. Оның қызуынан жидіген жерде бауырымен жорғалайтын қаншама құрт-құмырсқа, қоңыздың мерт болғаны, қаншама бейкүнә құстың ұясы, қыруар шөп пен шөптесін, бұта-тал,

арша-ағаштың зардап шеккені бір Аллаға ғана аян. Небір пайдалы, емдік қасиеті мол өсімдіктердің кейінгі жылдары күрт сирегені түседі есіңізге. Гүлінен, дәнінен, ұрығынан, сағағынан, тамырынан өсетін

дүние қаншама, солардың тұқымы тұздай құрып бара жатыр деп жыл сайын байбалам салып жүргеніміз әне, өз өрісімізді өзіміз өртеп жатқанымыз міне...

Табиғатта артық жаратылыс жоқ. Бәрінің өз қызметі, өз орны бар. Бірін-бірі толықтырып, биологиялық тепе-теңдікті сақтап тұрғанын түсінетін кез келді емес пе. Мына түрімізбен енді бір жиырма жылда...

Ал енді мал өсіріп, соның бетіне қарап отырған ағайынның таудағы, һәм даладағы шұрайлы өрісіне күн сайын қауіп төніп тұрғанын және жақсы білесіздер. Тамыз бен қыркүйектің тымырсық кезеңінде адырлы жонды алқапта, қыр-қыратта жыл сайын қаншама гектар жайылымды өрт шалатынын көздеріңіз көріп жүр. Оған да біреу абайсызда, біреу әдейі от тастайды. Сол сәтте күздеуі мен қыстауының айналасында күні ертең мал тісіне талғажау болатын шөбі тып-типыл өргеніп кететін шопан мен бакташының жайы, малдың күйі не болады-ау деп тіпті бір ойлап қоймайды. Адамгершілік, мейірім, аяныш деген ұғымдар бар еді, солар қайда кетті өзі деп тағы дал боласыз. Не болып бара жатырмыз-ай, шынында осы?..

«...Мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады.

Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де

◆ **Жанайқай**

жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды», – деп еді Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты баршаға мәлім мақаласында.

Ендеше, қасиетті мекенімізді әлдилейтін кез келді, ағайын! Оны бүгін әлдилемесек, ертең мүлде кеш қаламыз. Осыдан он бес жыл бұрын біз пақырыңыз мына бір өленді қағаз бетіне түсіріпті. Ол кезде де дәл осындай өрт көрінісіне куәсі болып едік. Кеше сол көріністі қайта көрдік. Әлі қанша рет көретінімізді білмейміз. Өтінемін, өрісті өртемеңіздерші!

Жадау да жадау, жадау күн,
Табиғатымды талау күн.
Ішінде қалып барамын
Айнала қызыл алаудың.

Емірене сүйіп ерке бұлт,
Өсірген еді тер төгіп.
Ен байтақ есіл өрісім
Барады міне, өргеніп.

Етектен тауға от өрлер,
Шайтанның қозын көсер жел.
Шашынды жұлсаң қарамас,
Еті өліп кеткен кеселге ел.

Лапылдап ұшқан сонау қау –
Атылған бейне жанартау.
Жайлауы жанып жатса да,
Адамдар неге самарқау?

Күйе боп жатыр күрең бел,
Ессізді кім бар жүгендер?
Терідей қалды тырысып,
Кешегі қалы кілем – жер.

Өсімдік, аң-құс тағдырын,
Бауырлап жортқан жәндігін,
Құйқасын жердің жидіген,
Ойлайтын бар ма жан бүгін?

Қаншама шөптің асылын,
Қаншама жұрттың нәсібін,
Күлзая етіп кетті әне,
Кеудесі пасық пақырын.

Апырмай, мына шак қандай?
Жаншиды бір ой батпандай.
Таудан от көрсем киналам,
Қақталып өзім жатқандай.

Бәрі де бір күн өзгерер,
Бәрін де бір күн жер бөлер.
Не дейін енді сендерге,
Бесігін жакқан пенделер!

Тербелер бәрі, тербелер,
Жүргендер тірі, көрге енер.
Жер өртегенді қойыңдар,
«Шықпаған аты», пенделер!

Рәтбек САФИД-УАҺАС.



медицина ғылымдарының докторы, профессор Тұрған Суфиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Валерий Махпиров, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төралқа мүшесі, зауыт директоры Ахметжан Шардинов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Мухамеджан Абдуллаев, саяси ғылымдарының докторы, жазушы Хамит Хамраев, КСРО-ның еңбек сіңірген құрылысшысы, қарғалылық жерлесіміз Эдуард Григорьевич Гулькин мен қайраткер-кәсіпкер Амангелді Бейсеуов, ҚР Ұлттық кітапханасы директорының міндетін атқарушы Анар Жүсіпова, Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамының өкілі Жанат Айтхожин, тағы басқа азаматтар сөз сөйлеп, авторға жүрекжарды ықыластарын білдірді.

Бұл кітапты Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы мен «Аралды құтқару» Халықаралық Қорының атқарушы дирекциясы бірлесіп шығарған. Онда түрлі-түсті фотосуреттер мен тартымды пейзаждар, эпизодтар молынан камтылған, таралымы – 500 дана.

Бүкілпланеталық қасіреттің бір көрінісі саналатын Аралдың бүгінгі тағдырына ара түсу – әрбір адамзат баласының міндеті екенін әріден тебірене толғайтын, тартымды тілмен жазылған кітаптың, әрине, берері мол. Он екі күндік арнайы экспедицияға қатысып, Аралдың бүгінгі жай-күйін өз көзімен көрген, теңіздің айналасындағы атамекен қонысында өмір сүріп жатқан жергілікті тұрғындардың тауқыметті тұрмысымен жете танысқан автор өз сөзінде: – Мен әу баста экспедиция жұмысы туралы ұзаса екі-үш мақала циклын жазып, оны республикалық журналдардың бірінде жариялармын деген ойда болып едім. Алайда, мұндағы адамдармен етене араласып сөйлескен соң, олардың қаншалықты қиын жағдайда күн кешіп жатқанын өз көзіммен көрген соң бір-екі мақаламен ғана шектеліп қала алмайтынымды түсіндім. Мен олардың батпан-батпан мұңы мен қасіретін өз жүрегімнің сүзгісінен өткіздім. Олардың туған жерге деген ерекше сүйіспеншілігі мен жанкешті тіршілігі жанымды тебірентті. Сөйтіп, осы кітапты жазуға бел байладым, – деді.

– Иә, Арал туралы бұған дейін де талай кітап жазылған, оқыған адамның ет жүрегін езіп өтетін талай деректі материал баспа бетін көрген. Статистикалық мәліметтерге қарап жан түршігетін, ғылыми болжамды негіздемелерге шошына көз салатынбыз. Соның бәрінде адам тағдыры, болашағы туралы там-тұмдап болмаса, көп айтыла бермейтін. Исмаилжанның қаламы осы тұрғыдан келгенде нағыз ақиқатты аша білгеннен бағалы. Ол өзінің гуманистік пайымдары арқылы қандай жағдайда болсын адамды сую керек екенін дәлелдеген. Кітап сонысымен ерекшеленеді, – деп тұжырымдады пікір білдіре сөйлеген зиялы ғалымдардың баршысы.

Біз де осы пікірді мейлінше колдаймыз. Қаламдас, канаттас досымыздың табысына масаттана марқаямыз, оның қаламынан болашақта талай-талай тамаша шығармалар туатынына сенеміз. Жаза бер, жасай бер, Исмаилжан!

Р.ТЕРЛІКБАЕВ.

Менің туған ауылым – Қызыләскер деп аталады. Алып таулардың аясында осы кырық түгінді ауыл – менің кіндігім кесілген, тәй-тәй басқан бөбек кезім, алғашқы бал-балалығымның шуақты кезеңдерін өткізген қасиетті ұжмақ мекені.

Міне, бүгіндер қырықтан астам кітап жазып, әлемнің көптеген жерлерін аралап жүрсем де туған ауыл топырағы тым ыстық.

Туған ауылымды сағынамын, не жазсам да таулар көмкерген Қызыләскер ауылы, ауылдың шетін ала ағатын Тәуке өзені, алыстан айбыданып көрінетін Аспанқора шыңы көз алдымда тұрады, ешуақытта көңілімнен кетпейді. Әсіресе, ауылдың аяқ жағындағы мектебіміз қандай еді?! Биік дөң үстіндегі бастауыш мектептегі оқу – параллель сыныптар арқылы жүретін. Түске дейін бірінші мен үшінші бір сыныпта қатар оқиды, түстен кейін екінші мен төртінші сол бөлмеде бірге оқып жатады.

Әр сыныпта бес-алты кейде, төрт-бес қана бала оқимыз. Мұғаліміміз – Ұлы Отан соғысынан бір аяғынан айырылып қайтқан, таяққа сүйеніп жүретін келбетті келген Әбдіразақ ағай. Мектептің кіре берісіндегі кішкентай бөлме – мектеп меңгерушісінің кабинеті. Онда горн, ту, кітаптар, журналдар тұрады. Әбдіразақ ағай сабақтан кейін сол



ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘНГІЛІК

кабинетінде отырады. Ауыл тұрғындары, ата-аналар осы кішкентай кабинетке кіріп, мектеп меңгерушісімен әңгімелесіп жатады. Мектеп парталары қыркүйекке дейін сырланып, бөлмелер іші-сырты аппақ ақталып, оқуға сағынып, қуанышымыз қойнымызға симай жетеміз.

Кластың ортасында «контрамарка» деген үлкен қара пеш тұрады. Қыстың күндері ертерек келген оқушылар от жағушыға көмектесіп от жағады, су, мұз болған үсті-бастарын кептіріп жатады.

Сырттай бұйығы, қоңторғай ғана кішкентай ауыл болғанымен де мұнда да үлкенді-кішілі сан түрлі оқиғалар, жағдайлар болып жататын. Бүгіндері барлап, ойлап қарасам, сол бір кезеңдегі сапырылысқан сан түрлі оқиғалардың басы-қасында болып, оң шешімін табуына, ауылдың береке-бірлікте болуына барынша күш-жігерін жұмсап жүретін – Әбдіразақ ағай екен ғой.

Бүкіл ауылдың үлкен-кішісі «Мұғалім келе жатыр» дегенді естісе Қыдыр, періште келе жатқандай қаздай тізіліп, ерекше ілтипатпен сәлемдесіп, зор құрмет көрсетеді.

Ол кезде соғыстан кейінгі жылдар, бірде жетіп, бірде жетпей жатқан шақ, ауылдың көбісі тоқал тамдарда тұрады. Бірде біздің көрші ерлі-зайыптылар қатты ұрсысып, әйелі көрші ауылдағы туыстарын шақырып, айқай-шу шығып, дүние-мүліктерін арбаға тиеп, біржола кетуге бет алғанда Әбдіразақ мұғалім келіп қалды.

– Оу, бұларың не? Мен Ұзынағашқа районоға барып келе жатырмын. Қане, айналайын келін, мына келіннің туыстары түгел үйге кірейік! Ұрыс кірген жерде ырыс кетеді. Анау, періштедей екі балаң не болады? Жүріңдер үйге!..

Үйдің ішін жылан жалағандай бәрін жинап, арбаға тиеп тастаған. Қайта жерге текемет, көрпе төсеп, бәрі төрт көзі түгел жағалай отырды. Мен шешемнің артына тығылып, бәрін қарап, тыңдап отырмын. Жалпы бала кездегі көргенін, естігендерін ешуақ ұмытылмайды, фотоға түсіргендей, видикке жазып алғандай, санаңда сайрап тұрады-ау.

Әбдіразақ аға төрге отырған соң, бірден сөз бастады:

– Ал, інім, саған не болды? – деп еді тырбиған жігіт орнынан жүрелей түрегеп, тап-тақыр басын сипалай берді.

– Қит етсем ұрады, ағай! – деп есік көзінде сазарып отырған келіншегі шап ете түсті.

– Әй, қарағым, әйел затына қол көтергенге үкіметтің заңы бар ғой, білесің бе?

– Білем...

– Онда неге ұрасың?

–Тамақ дайындамайды... Үйге бірдене тауып әкелсем төркініне ала жөнеледі.

– Інім, сен осы ауылдағы бетке ұстар колхозшысың ғой. Ұрып-соққаның қалай? Ана қарашы, бегін көкала қойдай қып сабап тастапсың. Бұл үшін сотталып кетесің. Оу, ол

сенің балаларыңның анасы емес пе? Ана деген – ең қастерлі есім. Ол сенің өміріңнің жалғасы ұрпақ әкелді. Соны түсіндің бе? Мұғалім ағай жігітті әбден сөкті, сүйегіне жететіндей мысалдар келтіріп, әңгімелер айтты. Есік жақта көзіне түсіре орамалын тағып алған келіншегі жаны кіріп, қайта-қайта шаптығып, күйеуінің бетінен ала беріп еді: – Қарағым, келін! Сенің тілің тым ащы екен! Ел-жұрт – таразы, сыртыңнан көп естуші ем.. Ер-азаматтың жеке арына тиме. Ол тұттай жетім болса да, сендерді ешкімнен кем қалдырмай бағып-қағып отыр. Ал, оның жиған-тергенін бас салып төркініңе таситының жөн емес. «Төркіні жақынның – төсегі жиылмас» демекші, сен енді осы шаңырақтың қамын ойлауың керек... Ана екі балаң жетім болмауы керек. Төркініңе бұл балаларыңмен ешуақытта да симайсың! – деп келінді сөкті.

Ұрысқан ерлі-зайыптылар тұқшындап, төмен қарап, жерге кіріп кетердей қызарақтап үнсіз қалды. Екеуіне де кінәларын бетіне айтып, ақыл-кенесін берген сәтте келін мырсындап жылап жіберді. Әбдіразақ ағай: – Тұр, қане! – деп ақырып жіберіп еді, екеуі де тізелері дірілдеп, дір-дір етіп түрегеле берді. – Қане, бір-біріңді құшақтап, кешірім сұрандар! Аналар бірін-бірі жаңа көрген ғашықтардай құшақтаса кетті. – Кешір мені! – деді жігіт жыламсырап. – Кешір, мен бейбақты! – деді келіншегі бой-бой жылап. Тыпырлап жүрген екі ұлы екі жағынан оларға жармаса кетті. – Ал, шаңырақтарыңнан құт-береке кет-песін! Балалы-шағалы, базарлы-ажарлы, берекелі-ынтымақты болыңдар! – деп Әбдіразақ аға бата беріп орнынан тұра берді. – Ағай, шәй ішіп кетіңізші! – деп жаңа ғана табысқан келіншек ұршықша үйірілді. – Рахмет, қарағым. Берекелі үй ажарлы болады, балалы үй базарлы болады. Осы үйде қуаныштарың көп болсын! Тағы бірде дәм татармыз, – деп жайған дастарханнан нан ауыз тиіп, аттанып кетті.

– Е, осыларын жөн болды! – десті жиылған жұрт.

– Ауылсовет Әбекеңнің айтқаны алтын ғой шіркін! Лапылдаған өрттей болған екеуін әп-сәтте сөндіріп, орын-орнына қойып, қалай бітістірді десенші! – деді көршіміз Айтқұл ақсақал сақалын сауып.

– Ауылымыздың берекесі ғой бұл кісі! – деді көпшілік оның біліміне шынайы разы болысып.

Сол отбасы көп балалы, береке-шырайлы шаңырақ иелері болды, бүгіндері немере, шөбере сүйген ауылымыздың үлкендері. Ол кездері әр ауылда селолық Советтің қоғамдық негіздегі ауылсовет деген өкілдері болатын. Әбдіразақ ағай біздің Қызыләскер ауылындағы ауылсоветі болып талай-талай даулы мәселелерді шешкенін көрдік. Әке-шешелеріміз, ел-жұрт таңдай қағып, разы болып күні бүгінге дейін айтып жүр.

Қызыләскер мектебінде жаңа жыл мерекесін өткізетін болдық. Әбдіразақ ағай ат-шанасымен Ұзынағаштан жап-жасыл иісі бұрқыраған шырша алып келді.

Парталарды артқа сырғытып жинап, ортаға шыршаны орнаттық. Бөлме ішіне жаңа жауған қар секілді мақтаның талшықтарын үзіп-үзіп алып, жіпке тізіп, төбеден төмен салбыратып іліп қойдық. Терезе әйнектеріне ою-өрнек-телген қағаздар жапсырдық. Шыршаға қолдан әркім әлінше ойыншықтар жасап іле бастадық. Бәрін қарап, ұйымдастырып жүрген Әбдіразақ ағай біздің құлшынысымызға ақпейілімен риза.

– Ал, балалар, 31 декабрь күні кешкі сағат жетіде осында жаңа жылды қарсы аламыз. Ата-аналарың да келсін, сендердің дайындаған өнерлерінді көрсін! Ана электрикке де айтып қойдым, движокты ерте қосып қояды, – деді.

Электр жарығы жаңа түсе бастаған кез, ауылға бөлек движокпен электр жарығын береді.

Отыз бірінші декабрь күні класқа адам симай кетті. Кішкентай балалар еденде отырып, отырмағаны тіпті жантайып жатыр. Сағат жеті болғанда самаладай электр жарығы жарқ ете қалды. Елканың үстіндегі жабылған газеттерді алып тастап еді, ел танданғаннан

Шыршаның үстінде әлі біз өңіміз тұрмақ түсімізде көрмеген жалт-жұлт еткен сан түсті ойыншықтар ілініпті. Ортаға таяғын таянып, мектеп директоры Әбдіразақ ағай шықты да: – Құрметті ата-аналар, оқушылар, ауыл-дастар! Келе жатқан Жаңа жылдарың құтты болсын! Совет Одағы Ұлы Отан соғысында фашистерді жеңді. Енді ел еңсесін көтеріп жатыр. Міне, біздің ауылда да тұңғыш рет елка құрылып, Жаңа жылды бірігіп, қуанышпен қарсы алып жатырмыз.

– Қарағым-ау, анау әдемі жалт-жұлт еткен-дерің не? – деді ауылдағы ең кәрі Зейіл апа көзін көлегейлей қарап.

– Апа, бұл елканың ойыншықтары, әдейі сатып әкелдім. Сіздер тамашаласын, көрсін дедім. Көресіздер, заман түзеледі. Мұндай елка жаңа жылда кейін әр үйдің төрінде орнатылатын болады. Ал, енді балалар қазір ән айтады, тақпақ оқиды, – деп біздерді шақыра бастады.

Балалар ән шырқады, жаттауларын айтты, көрініс көрсетті. Ел рахаттана қол шапалақтап, қошаметтеп жатыр.

– Жаңа Жыл мерекесіне арналған концерті-міз осымен аяқталды. Бәрімізге келер жыл жақсылық әкелсін! – деді мектеп басшысы. – Оу, қарағым-ау, мына бір жылтылдаған әдемі нәрсені үйдегілеріме тәбәрік деп апарайыншы, – деп бір қария жылтыраған ойыншықтың біреуін үзіп алып, қалтасына салды.

Осы кезде үлкендер лап қойды. Әрқайсысы қолына тигенін үзіп-үзіп алып жатыр.

Әп-сәтте ойыншықтан тұттай айырылған шыршаның қаңқасы ғана ортада қалды. Тіпті біз қолдан жасаған түрлі ойыншықтардың біреуі де жоқ, шыршаның бұтақтарын да сындырып алыпты. Ел түгел тарап кетті.

Ортада бұтақтарынан тұттай айырылған шырша, ал терезе алдындағы орындықта Әбдіразақ аға бүкшиіп отыр.

Біз ел соңында қалған екі-үш бала алаңдап, мектеп басшысы тас-талқан ашуланып, ұрса-тын шығар деп кете алмай ағайға жақындай бердік.

– Ағай, шыршаны сындырып, түгін қал-дырмай бұтақтарына шейін алып кетіпті!– дедім мен.

Әбдіразақ ағай қалтасынан көлдей бет орамалын алып, көзін сұрткіштей берді де, еңкілдеп жылап жіберді.

– Алсын! Тұңғыш келген елка ғой ауылға. Бұлар не көрді? Соғыстан кейінгі қаусап қалған ауылымызда осындай қуаныштарымыз көп болсыншы деп ырымдап әкелдім.

Алсын, үйлерінің төріне іліп қойсын! Әлі-ақ елканы дүркіретіп өткізетін боламыз. Әлі-ақ сендер керемет азамат болып, осы ауылды көтересіндер, атын шығарасыңдар! Біз соғыста жүрдік, көп уақытымыз кетіп қалды ғой!

Бірқарасaq,бізұстазымызға түмсығымызды тығып өксіп-өксіп жылап отырмай. Қайран асыл аға, ұстазымыз Әбдіразақ ағаның біздің

тақыр басымызды сипап, қарлыққан даусымен айтқан осы бір сөзі – бізге аманаты екен ғой. Сол бір Жаңа жыл кеші менің есімде мәңгілік қалып қойды. Әр Жаңа жыл сайын сол кешті, Әбдіразақ ағаны сағына есіме аламын.

Шешем де бір ойыншық ала кетіпті. Біздің үйдің төрінде сол жылт-жылт еткен ойыншық жыл бойы ілулі тұрды-ау.

Біздің ауылдың бір шопаны аяқ астынан тоқсан қойға қарыз болып, ісі насырға шауып, сотталатын болды. Әлгінің шиеттей тоғыз баласы бар, өзі момын, жуас кісі еді.

Ол кезде колхоз малына зиян келсе, қарыз болсаң – заң қатал. Әбдіразақ мұғалім мектепке ауылдың бір топ ақсақалдарын жиып алып, жиналыс өткізді.

– Тоғыз баласы бар шопан бауырымызды қалай соттатып жібереміз. Ол әдейі істемеген. Отарына үйірлі қасқыр шауып, тоқсан қойын тамақтап өлтіріп кеткен. Мылтығы жоқ, айдалада жалғыз өзі айқайлап, қайта қалған отарын жинап алыпты. Тоқсан қой сөйтіп қасқыр шауып өлген. Оны кейін көрші-қолаңдары, завферма растап отыр. Бірақ, заң бойынша қасқыр шапқанға қарамайды, соттап жібереді. Елміз, жұртпыз, ағайынбыз. Бір таудың аясында тұрып, бір бұлақтың суын

ішіп, бірге өсіп-өнген бауырымызды қалай қиямыз?

– Біздің қолымыздан не келеді? – Шешімін өзің айт! – десті жиналғандар. – Онда, былай болсын. Осы ауылдағы әр түгін бір-бір тұяқ қой берейік. Атка мініп, қойшыларды аралап, әр шопаннан бір-бір қойдан беретіндей әңгімелесейік. Қатарынан ешкім қалып қоя қоймас. Қиналған тұста халқың көтеріп кетеді. Колхоз малы түген-делсе, басшылармен өзім сөйлесем. Шиеттей балалы-шағалы бауырымызды күйдіріп жіберсек – елге сын, ерге сын! – Дұрыс, дұрыс! – Мұның жөн екен! – Бір тұяқ өліп те қалады. Береміз! – деп бәрі іліп әкетісті.

– Көргенді елдің адамдары көшелі болады. Сіздерден осындай елдікті күтіп едім. Рахмет, бәріңізге. Онда іске кірісейік, – деп мал жинайтын, қойшыларды аралайтын адамдарды бекітті.

Бір жұмада колхоз малы орнына келді. Елден жиған малдың бәрін санап өткізіп беріп, Әбдіразақ мұғалім өзі колхоз басшыларына, ауданға барып жүріп әлгі қойшыны аман алып қалды.

Сол қойшы бұл дүниеден қайтқанша Әбдіразақ мұғалімнің атын аузынан тастамай, алғыс айтып өтті.

Сол бір жазда аптап айлап тұрып алды. Шегірткенің қанаты күйіп, тасбақанын табаны жидіп түсетіндей қапырық ыстық төңіректі түгел күйдіріп, шілде болмай-ақ шөптер сарғайып, қурап сала берді. Ала жаздай жаңбыр жаумағаннан үй жанындағы жеміс ағаштары, бақшадағы көк-сөк те су ішпей бүрісіп қалды. Дәл осындай кезде Қызыләскерге жан кіргізіп, сылдырап ағып тұратын Тәуке өзені тартылып қалды, арнасындағы қожыр-қожыр тастар күнге шағылысып, жағасындағы көкөрім жалбыз біткен тамырлары адырайып, бастарын төмен иіп, солып сала берді.

Су – тіршілік көзі. Қызыләскер ауылы флягын аркалап, шелектерін салдырлатып, сонау биік қырка астындағы Мырқасым сайындағы бастауға шұбырды. Терлеп-тепшіп әкелген екі шелек су аңызак аптапта ештеңеге жетпейді. Ел қатты қиналып кетті.

Әбдіразақ ағай мектеп көленкесінде кешқұрым елді жинады да, былай деді:

– Мен атпен өзен арнасын жағалап, сонау Аспанқора астына дейін барып қайттым. Атабаймен шектескен тұста өзен суы оппаға түсіп кетіпті. Баяғыдағы бұлақ, бастаулар көзі шөп-шаламмен мал тұяғынан көбісі бітеліп қалыпты. Енді қарап отыруға болмайды. Бүкіл ағаш жеміссіз қурап, ауыл қатты қиналады. Ертен таңертең сағат бесте бәріміз бала демей, шал демей қолымызға кетпен, күрегімізді алып, жаңа арна қазамыз. Ауылдың жоғарғы жағына таңертең күн шықпай сағат бесте жиналындар, – деді қысқа ғана сөйлеп.

(Жалғасы 16-бетте).

(Жалғасы. Басы 15-бетте).

Ертенгісін тәтті ұйқымнан әзер ояндым. Таң сібірлеп жаңа-жаңа атып келеді екен. Бір жанан айранды іше салып, күрегімді көтеріп, ауылдың жоғары жағына шықсам, бүкіл ауыл жиналып қалыпты. Әбдіразақ ағай атпен алдыда, суы жок өзен арнасымен жоғары жүріп кеттік.

Тура Атабай сайына келетін бір бұлақ қосылған тұста Тәуке өзенінің суы қожыр-қожыр тас жыраға сіңіп жок болып жатыр.

Әбдіразақ ағай тапсырма бере бастады. Сол тұстан сәл жоғарырық жерден бұрылма жаңа арна жобасын көрсетті. Екі шақырымдай қиялап барып, бұрынғы арнасына қосылуы керектігін ұқтырды.

Мен сол кездің адамдарының бірлігі мен ынтымағына қайран қаламын, айрықша тәңтімін. Түс кезінде өгіз арбасымен завферма келді. Ол бір фляг айран, нан, казан және бір семіз тоқты әкеп беріп кетті.

Тоқтыны сойып, далаға шәй қайнатып, тамақ істеп, түннің бір кезіне дейін жұмыс тоқтамады. Бәрі ақ тер, көк тер болып шаршау дегенді білмей жаңа арнаны қазып бітіп, суды бөгет жасап, соған бұрып жіберді.

Айналып жасалған жаңа арнада қасиетіңнен айналайын сылдыраған су екі шақырымнан кейін бұрынғы арнасымен қосылып, төмен қарай құлдырай жөнелді.

Жұлдыздары қалың жымындаған, айы толықсыған түнде бүкіл ел «Ура-а-а!» десіп, сол аққан суды қуалай жарысып, ауылға қуанышымыз қойнымызға симай жеттік-ау...

Ертеңіне өзіміз жасап алған сол өзен арнасындағы көлмекте күні бойы рахаттана шомылдық-ау!...

Әбдіразақ ағай бір топ жігіттерді екі күннен кейін жанына ертіп алып, өзенге қосылатын бүкіл бастау-бұлақ көздерін тазартып қайтып еді, су да молайып жағасына жайылып, толып шыға келді. Ауыл ажарланып, рахаттанып қалды.

Жұма күні сол өзен бойына «тасаттық» берілді. Тамақ ішіліп, құран оқылып, ел жандыр тіледі. Құрдастар бір-бірін суға лақтырып, су шашысып, бұрыннан келе жатқан дәстүр-рәсімді жасады.

Алланың рахымы түсті ме, ертесіне тұрсақ мөлдіреп ақ жауын төгіп тұр. Сол жауын жұмадан жұмаға жауып, ел де, жер де, мал да тынысы кеңейіп, рахат, базарлы шақтар туған еді-ау... қаңсып кеткен жер жарықтық иіп сала берді...

Біздің замандастарымыз тасты жарып шыққан шөптей қысылып-қымтырылып өстік қой. Біріне тартсаң, біріне жетпейтін кезең еді ол кез. Бірақ елдің рухы биік, ішкі қуаты берік болатын. Біріне шыдап, көндігіп, болашаққа нық сеніп өстік.

Сол бастауышта оқып жүргенде оқу кітабымыз өте тапшы болды. Оқу жылы басталып кетсе де оқулықсыз оқи береміз. Мұғаліміміз ай сайын Ұзынағашқа барып, бос қайтады. Біз кітап күтеміз. Бірде «Табиғаттану» деген кітапты екі қоржынын толтырып қыстың күні қырауда атпен сонау аудан орталығынан әкеліп, бәрімізге бір-бірден таратқанында әлгіні сипап, мәпелеп қуанғанымызды айтпаңыз!...

Жасыратын не бар, біздің үстіміздегі киімдеріміз де жамау-жамау болатын. Ойын баласымыз алысып-жұлысып, зыр қағып, асыр салып ойнап жүріп тізіміз, шынтағымыз бірінші жыртылады. Шешеміз әлгіні жамап әуре. Үстімізде бір пар ғана киім. Әр жыл сайын колхоз бар-жоғы еңбеккүн деп бес-алты қап бидай жазып береді. Соны жыл бойы талғажау етеміз. Әр үйде бес-он баладан бар. Бірде мектеп менгерушісі ауданнан көңілді оралды. Ат-шанасымен бір қап киім алып келіпті. Киімдер болғанда қандай: жап-жаңа, бәрі балалардікі.

Бәрімізді жинап, алдымен жетім балаларға киім үлестірді. Көбісінің аталары соғыстан келмей қалған, не жарымжан, жағдайлары жок.

Сонда Бақыш Бейсембиевке тұмақ кигізіп тұрып:

— Енді қалай окисың? — деп сұрады.

— Жаңа тұмақтан кейін енді жақсы оқимын, — деп Бақыш қуанғаннан айқай салды.

— Әп, бәрекелді! Сендер жақсы оқысын,

жақсы азамат болсын деп райОНО-дан әрең сұрап алдым. Интернат балаларына ғана беріледі екен. Сендер кейін рахат заманда өмір сүресіндер, сендердің бала-шағаларың жамау киім, жетіспеушілік дегенді білмей өседі. «Сабыр түбі — сары алтын» деген, бәріміз сабыр сактасақ, әлі-ақ сендер биік-биік азамат боласындар! Жақсы азамат — әке-шешесінің ғана емес, ауылының, ел-жұртының атын шығарады, — деген еді Әбдіразақ ағай.

Менің әке-шешемнің өкеуі де колхозшы деп маған киім бермеді. Бақышты «Тұмақты Бақыш жақсы оқиды» деп әзілдейтінбіз. Сол Әбдіразақ ағай берген тұмақ кейін басына кішірейіп, ескірсе де ол бәленбай жыл киіп жүрді.

Әбдіразақ аға ауылымыздағы сан түрлі істердің басы-қасында жүрді. Ол кезде мүлдем хат таниитындардың жастары ұлғайып кетсе де, үйлеріне барып жүріп сауаттарын ашты.

Сабак беру әлісі де бөлекше, ерекше еді. Көрсем кітап оқытып, мазмұнын сұрайтын. Кітап табу қат болса да біз үшін Алматыдан, ауданнан кітап іздеп, тауып әкелетін.

Әбдіразақ ағаның жұбайы — Тұрар апа менің кіндік шешем. Бализа, менің шешем Құлиман, бәрі қатар-құрбылар. Бализа мен Тұрар апаларым менің кіндігімді кесіп, шешемді қалжалапты. Бализа апам әлі күнге дейін оны жырдай қып айтады.

Тұрар апама ауылға барған сайын сәлем беріп, қал-жағдайын біліп шығамын. Ол кісі мені шәй ішкізіп, тамақ жегізбей қайтармайды.

Апам екеуміз әңгімеге кірісеміз. Жалпы мен титтәйімнен шал-кемпірлердің әңгімелерін жақсы көремін. Апаның бөлмесінде екеуміз ғана ауылымыз, ауылдастарымыз жайлы талай-талай әңгіме тиегін ағытамыз. Талай-талай сыр ақтарылады, мен білмеген нәрселерімді сұрап қоямын. Кей-кейде күйеуі Әбдіразақ ағай жөнінде айтқанда ерте қайтыс болған жарын жүрек жара күрсініп, есіне алып, көз жасын сығып, жылап та алады.

— Әбекең тым ерте кетті ғой. Соғыстан жарымжан, мүгедек болып қайтты. Біздің түбiмiзге жететiн — қызғаныш, көре алмау-шылық. Мандайы жарқырап біткен асыл жан еді, ардақтым. Көре алмаушылардың кесірінен ерте үзілді ғой деп, — деп бір сырды жайып салды.

Әбдіразақ ағай Ұлы Отан соғысында Брест қамалын қорғауға қатысқан, “Қызыл Жұлдыз” орденді соғыс ардагері. Ауылдағы біреу үстінен қайта-қайта арыз жазып, КГБ-ға шақыртып, тергеп, жауап алып, соңынан шам алып түсіпті. Аққа құдай жак, қылаудай кір таба алмаса да әлгі арызкой қоймай Алматыға, Мәскеуге хат жолдап, тыным таппапты.

Егей берсен тас та мүжіледі. Әр барып-келген сайын қабағын мұң шалып, ішқұса болып, кеселденіп, күрт түсіп кетіпті.

Тұрар апай ешкімге айта көрмегін деп айтқан осы бір әңгіме есіме түссе, жандуием түршігіп, тебіреніп кетеді. Асыл, ардақтыларымызды неге көре алмай, өшігіміз? Қайран, ай мандайлы, тау тұлғалы ұстазым!..

Тұрар апамның айтқаны тағдыр талқысы-нан өткен өмірлік тәлім-тәрбие.

— Шиеттей балаларды ешкімнен кем қылмай оқытып, бактым, қактым. Ешкімге жесірілігiмді, балаларымның жетiмдігiн бiлдiрмедiм, сездiрмеуге тырыстым. Үлкен ұлым Қайратжан үйленемiн дегенде қатты қысылдым. Келiн сонау Жетiсайдан екен, құда ауданды дүркiретiп тұрған басшының бiрi. Қайтай барамыз деп қатты састым. Жесiр әйел, жетiм баланы менсiне ме, мен құдалыққа не апара алам? Зыр жүгiрiп, туыс-ау, осындайда қол ұшын беретiн шығар деп барғандарымның көбiсi терiс айналды. Тек Небиян деген iнiм машинасын берiп, сонымен бардым. Құдам ақылды, көптi көрген көшелi азамат екен. «Құдағи, ештеңеден қысылмаңыз. Мына екi баламыз жарасып, аман-есен болса, әлi-ақ топқа да барасыз, торқа да киерсiз, шалқып төрде де отырасыз, өрге де шығарсыз. Осы екi баланың тiлеуiн тiлейiк», — деп алып барған кәде-сыйыма разы болып, дәл осылай айтқан едi. Қандай ақылды жан. Қазiр ғой, бәрi жақын-жекжат, туысқан болып жүргендерi. Бірақ, мұндайларды балаларыма айтпаймын, көңiлдерi қалады, iшараз болып кетпесiн деп ойлаймын, — деген едi менiң жарықтық Тұрар апам сырын жайып салып. Тұрар апа әйгiлi Байсерке болыстың ұрпағы. «Мына Зарық атасына тартып туған» деп отыратын.

Тұрар апам қайтыс болғанда басы-қасында болып, жерлеудi ұйымдастырып жүрдiм. Ол кiсi Жамбыл мен Қызыләскер ауылының ортасындағы биiк жота басына мәңгiлiк мекенiне — жары Әбдiразақ ағаның жанына жерлендi. Менiң Құлиман шешем де сол жотада. Ары-берi жүргенде әдейiлеп құран бағыштаймын, есiме нелер келiп, нелер кетпейдi десенiзшi!

Әбдiразақ ағаның балаларымен көп араластым. Тұңғыштары Гүлнар — ерекше бекзат жан едi. Бiз орысша сөйлей алмай жүргенде ағылшын тiлi маманы болды. Менiң Серiк деген құрдас-сыныптасыммен үйленгенде бiрге болдық. Тұрар апам айтушы едi «Гүлнар — туған сiңлiм сияқты, не iстесем де сонымен ақылдасамын. Қандай шаруа болса да жанымды тындырады, сырымды да, мұнымды да ұғады». Гүлнар да ерте қайтыс болып, ауыр қайғы арқалатып кеттi.

Гүлжанмен бiрiншi сыныптан бастап бiрге өстiк.

Қызыләскерден Гүлжан, Садабай, Ләкеш, Құлшария, Шурик бәрiмiз бiрiншi сыныптан бастап бiрге оқыдық.

Әскерден келген соң Ләкеш, Гүлжан үшеумiз дос-жаран болып бiрге жүрдiк. Бұл кластастарым маған ерекше қамқорлық

жасайтын. Шешем қайтыс болып, әбден әбiржiп, жетiм қарындастарым, кантөжный әкемдi қайтiп, қалай бағып өсiремiн деп жүрген қамқонiл шақта жаныма демеу, жарымжан көңiлiме қарап ағалы-қарындастай болған дәурен-шақтар едi-ау...

Гүлжан Жангелдi ауылындағы бiр жiгiтке ұзатылды. Қазiр балалы-шағалы, немерелi-базарлы, елге сыйлы ана.

Әбдiразақ ағамыздың үлкен ұлы Қайрат менен төрт жас кiшi, титтәйiнен таза киiнiп, тек жақсы оқып жүретiн, ерекше iлтипатты оның бiлiм-зейiнi өте зор болатын. Ол кезде жоғары кластағылардан төменгi класқа пионер вожатый қоятын. Солар окитын класқа менi пионер вожатый тағайындағаны есiмде. Класс сағатын өткiзгенде Қайрат пен Серiктес Токқұлов екеуi ерекше алғыр, өте бiлiмдарлығын танытатын.

«Болар бала он үшiнде басын дер, болмас бала отызында жаспын дер» демекшi, Қайрат iнiм университеттi бiтiрiсiмен батыс аймаққа жолдамамен кетiп, бiлiм-парасат, iскерлiк қабiлеттiлiгiмен тез өстi, жауапты үлкен қызметтар атқарды. Мiне, содан берi мемлекетiмiздiң үлкен өте жауапты қызметтерiн мiнсiз атқарып келедi. Қайраттың парасат-пайымына, зеректiлiгiне, ешнәрсенi ұмытпайтын жадысының мықтылығына, зор ауқымды пiкiрiне таң қаламын, әрi мақтан етемiн.

Ауылда тұратын iнiсi Ержан бауырым аяқ астынан жол апатынан опат болды. Мен Әбдiразақ ағаның Самат деген баласымен ерекше көп араластым. Алатаудың аңқылдақ желiндей ақ көнiл азамат едi. «Аға» деп жүзiнен нұрлы шуақты күлкi үзiлмей жиi iздеп келiп, екеумiз көп әңгiмелесетiнбiз. Елгезек, жаны жайсаң Самат iнiм де кенеттен қайтыс болғанда қатты қайғырдым. Ондай ақ адал iнi, ақкейде бауыр сирек-ау, өте сирек.

Ауылда қазiр Жомарт тұрады. Қара шаңырақты сол түтетiп отыр. Ауылға барсақ соны iздеймiз.

Әбдiразақ ағаның кенжесi Мұхит жасынан доп қуып, спортпен айналысып жүретiн. Бiрде жүлеу ренiн көрiп, сағым сынып қалып едi. Емделiп жүрмiн, шетелге барып қаралудамын, — дедi. Кейiнгi кездерi көргенiмде жүзi ашылып, ажары кiрiп, әзiлдесе әңгiмелестi. Қуанып қалдым.

Әке-шешелерiне тартып туған ұл-қыздары-ның барлығы да бiлiмдi, бiлiктi, парасат-пайымы мол, адамгершiлiктерi жоғары азамат болып өстi.

Әбдiразақ ағаның үйiнде өскен Қаһарман деген баланы жұрт Қахан деп атайтын. Бiздер оны мұғалiмнiң бiр баласы екен ғой деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, ол тұттай жетiм, осы кiсiлер бауырына салып алған екен. Қаһарманды үйлендiрдi, он бiр балалы болды. Майра деген жеңешемiз үбiрлi-шүбiрлi сол отбасында әже болып отыр.

Иә, өмiр мәңгi баки ағып жатқан өзен. Асу-асу белдерi бар, асқар-асқар шындары бар, кейде күздары бар бұл өмiрде қилы-қилы жағдайлар болып жатады.

Ана бiр қиын-қыстау кезеңде бiздiң Қызыләскер ауылындағы бастауыш мектеп жабылып қалды. Ауыл ақсақалы Айтжан аға бастаған жерлестерiм маған арнайы келiп, ауылдастарымның аманат хатын тапсырып, кiшкентай бүлдiршiндерге өте қиын болғанын айтып, қатты қынжылды.

Елiмiз тәуелсiздiк алып, еңсесiн көтерiп, заман түзелген тұста жаңа мектеп салынды. Бастауыш қана емес, орталу мектепке Брест қаһарманы Әбдiразақ Мәмиев есiмi бiрауыздан берiлдi. Әсiресе, ауылдастарымның қуанышында шек болған жоқ. Бәрi Елбасымыздың көреген саясатына, қамқорлығына алғыс айтады әрқашанда.

Қасиетiңнен айналайын туған ауылымда қалған iздерiм, алғаш бiлiм алған кездерiм бәрi-бәрi әлi күнге дейiн көз алдымда. Ауылға, Әбдiразақ Мәмиев атындағы мектепке жиi барамын, өрiмдей балалармен кездесiп, әңгiмелесемiн. Олар — аппақ қардай таза перiштелер ғой. Болашақта олардың арасынан талай-талай тұлғалар шықпасына кiм кепiл?! Әлiмнiң келгенiнше жыл сайын кiтап, музыка аспаптарын, спорт тауарларын сыйлаймын. Мектеп директоры осы ауылдан өскен ақын iнiмiз Марат Құрманқұлов жайрандай қарсы алып, соңғы жаңалықтарды, жеткен жетiстiктерiн баяндай жөнеледi. Мектептегi Брест қаһарманы аяулы ұстаз Әбдiразақ Мәмиевке арналған музеймен жан-жақты таныстырады.

Мектепке кiрiп келгенде қарсы алдымнан Әбдiразақ ағай қарсы алады. Әрине, өзi емес, үлкен портретi. Мен бiрден сол баяғы бала кезiме көшемiн, есiме нелер келiп, нелер кетпейдi десенiшi!..

Жақында ғана 9 мамыр Жеңiс күнiне арналған Алматыдағы жиында Әбдiразақ ағаның соғыста бiрге болған майдандас досы Ғаббас Жұматов ағаны көрiп, жүгiрiп барып қос қолдай сәлем бердiм. Кеудесi толы орден-медаль, ардагер аға әлi тың.

— Қарағым, мiнег жүз деген жасқа да жетiп қалдық. Қу соғыс болмаса, Әбдiразақ та қасымда отырар едi. Жiгiттiң нағыз жайсаңы, нарқасқасы едi. Соғыс қаншама боздақтарды қыршынынан киды. Әбдiразақ мүгедек болып оралып, ерте үзiлдi. Ендi ешуақытта соғыс болмасын. Ең үлкен бақытымыз — тыныштық, қарағым, — деп қолымнан ұстаған күйi майдандасы Әбекең жөнiнде әңгiмелеп кеттi:

— Бiздер 1939 жылы әскер қатарына бiрге шақырылдық. Әбдiразақ Брест қамалының өзiнде 125-шi атқыштар полкiнде жауынгерлiк қызмет атқарды. Ал мен Брестен бес шақырымдай жерде радиобайланыс бөлiмшесi командирi болып борышымды өтеп жатқан кезде күтпеген жерден Ұлы Отан соғысы басталды. Сұрапыл соғыста Брест қамалын қорғаған ержүрек батырларымыздың ерлiгi — бүкiл Отанымызға нағыз қаһармандық үлгiсi болды. Фашистер қамалды айналып терең iшке енiп кетсе де қорғаушылар 20 шiлдеге дейiн жауға берiлмей, жанталасқан дұшпанды жолатпай тұрды. Мiне, сол қаһарман батырлар — Әбдiразақ Мәмиев, Владимир Фурсов, Максұт Ниязов, Нұрым Сыздықов секiлдi жауынгерлер ерлiктiң өшпес үлгiсiн танытты. 1941 жылы соғыс басталғанда Брест гарнизонында борышын атқарған үш мың қазақстандық батырлардан соғыс бiткенде небары алпыстай ғана адам қалды. Әбдiразақ Мәмиев — Брест қамалының нағыз қаһарманы. Одан тiрi қалып, талай алапат майданда соғысқа қатысып, 1943 жылы оң аяғынан айырылып, ұзақ емделiп елге оралды. Ол менен бiр жас қана үлкен едi. Соғыстан кейiн де Әбекеңмен араласып, кездесiп тұрдық. Нағыз ұлағатты ұстаз, жiгiттiң сұлтаны, ерекше жаратылған парасатты жан едi, — деп майдангер профессор Ғаббас аға майдандас досы жайлы адам жанын тебiрентер әңгiмелер айтты. Соғыс ардагерi қолымды қыса құшырлана ұстап отырып Әбдiразақ ұстазым туралы, оның қан майдандағы ерлiк iстерi, өнегелi өмiрi жайлы айта бердi, айта бердi.

Екеумiз 28-панфиловшылар паркiндегi мәңгiлiк от жанып тұрған ескерткiш алдында қып-қызыл гүлдер шоғын қойдық. Мәңгiлiк от жаны гүлге көмкерiлiп, толып кетiптi. Үлкен де, кiшi де гүл қойып тағзым етiп жатыр.

— Ешқашан соғыс болмасын! Елiмiз бере-келi, бiрлiкте, тыныштықта болсын! — дедi майдангер қария қоштасарда. Ұлы Отан соғысы ардагерлерiн ойлап, тағзым етiп, сол мәңгiлiк от жанында толғанып, көп тұрдым.

Көктемде бiздiң қырқаларда үлпiлдек қызғалдақтар көздiң жауын алып қаптап кетедi. Ғажап сурет, ғаламат көрiнiске көзiң тоймайды-ау...

Мұндай кезде бiздiң Қызыләскер ауылы да көкорайға бөленiп, құлпырып жайнап тұрады. Биiк-биiк ағаштар көкжасылға бөленiп, сылдырап аққан Тәуке өзенi қуана құлдырайды. Ауылдан жоғары өзiмiз талай асыр салып жуа, рауғаш теруге барған Атабай, Аспанқора, Қакпатас...

Бiздiң таулар да тұлғалы, қасиеттi-ау. Анау — Суықтөбеде — Қарасай батыр, Қаракияда — Сүйiнбай, Майтөбеде — Жамбыл, Кiшiсазда — Үмбетәлi Кәрiбаев, Үшқоңырда Елбасымыз — Нұрсұлтан Назарбаев туып-өскен тауларға әрдайым сүйсiне қараймын. Бұл Алатау — шежiре тарих, құт мекен ғой. Осы Алатауда Мәми жайлауы бар. Мәми — заманынан артық туған, елге көшбасшы, би болған. Оның қайраткер, көрегендiгi, бiлгiр шешендiгi жайлы елдiң көнекез қариялары әлi күнге дейiн аңыз қылып айтып отырады.

Мәми бидiң мәрттiгi, ерлiгi жайлы мен «Мақшш балуан» атты кiтабымда жазған едiм.

Қасиетiңнен айналайын туған өлкем Алатаудың алыптары жайлы жазу — парызым мен қарзым емес пе?!

Әбдiразақ Мәмиев есiмдi ұстазымның бiр шәкiртi ретiнде ғасырға толар мерейтойына арнап жазған естелiк-ессем едi бұл. Өйткенi, ол кiсi бүкiл ауылымыздың ұстазы, бiлiм шамшырағын жаққан асыл азамат едi. Сәкен Сейфуллин қалай дәл тауып жазған:

Оқу — бiлiм қазығы, Адамның азығы. Оқу — өмiрдiң сәнi, Тiршiлiктiң шамы.

Бiлiм шамын жаққан ұстаздарыма мың тағзым!



**Нағашыбек
ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**
жазушы,
халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының
иегері.

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – МІНДЕТ, ПАРЫЗ ЖӘНЕ АБЫРОЙ

Жамбыл ауданы Әкімінің 2017 жылғы 31 тамыздағы №284 «Қазақстан Республикасының азаматтарын 2017 жылдың қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке ер азаматтардың кезекті шақыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету» туралы Қаулысының негізінде Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне және басқа да әскери құралымдарға күзгі мерзімдік әскери қызметке 18 жас пен 27 жас аралығындағы азаматтарды шақыру науқаны басталды.

2017 жылғы күзде Қарулы күштерге, Қазақстан Республикасының өзге де әскерлері мен әскери құрылымдарына 1990-1999 жылғы туылған 16 мыңнан астам азаматтар шақыртылады.

Ұйымдардың басшылары шақырылуға жататын азаматтарды іс-сапарлардан (демалыстардан) шақырып алуға, олардың хабардар етілуін және шақыру учаскесіне уақытылы келіп жетуін ұйымдастыруға міндетті.

Аудандық шақыру комиссиясы әскерге шақырушыларды және әскери оқу орындарына түсетін азаматтарды медициналық куәландырудан өткізеді.

Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша аудандық шақыру комиссиясы әскерге шақырылушыға қатысты: әскери қызметке шақыруға жатқызады; әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын; әскери қызметке шақрудан босатылсын; әскери міндеттілігін атқарудан босатылсын деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Аудандық шақыру комиссиясы әскери оқу орындарына түсетін азаматқа қатысты оны конкурстық оқуға түсу емтихандарын тапсыру үшін әскери оқу орындарына жіберу туралы немесе оған жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Шақыру комиссиясының шешімі әскери қызметке шақыруға жататын азаматқа хабарланады.



Азаматтарды әскери қызметке шақыру аудандық шақыру комиссиясының шешімімен келесі негіздер бойынша; басқа да себептермен кейінге қалдырылуы мүмкін.

1) ауылдық (селолық) жерлерде орналасқан білім беру ұйымдарының орта білімнен кейінгі немесе жоғары педагогикалық білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істейтін оқытушыларына, жұмыс істеп жүрген кезеңіне;

2) тиісті білімі бар, мамандығы бойынша ауылдық (селолық) жерлерде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлерге денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеп жүрген кезеңіне;

3) Қазақстан Республикасының Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына, олардың депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

4) анықтау, алдын-ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе соттар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға, тиісінше оларға қатысты анықтау, тергеу аяқталғанға немесе сот үкімі күшіне енгенге дейін;

5) діни атағы немесе діни бірлестіктерде штаттық лауазымы бар әскерге шақырушыларға, діни қызметі кезеңінде.

Бейбіт уақытта шақыру бойынша әскери қызметке шақырудан: әскери әскери қызметті өткерген, денсаулығы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған, жиырма жеті жасқа толғаннан кейін мерзімді әскери қызметке заңды негізде шақырылмаған; басқа мемлекетте әскери қызметті өткерген; ғылыми дәрежесі бар азаматтар босатылады.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген және алып тасталмаған азаматтар бейбіт уақытта әскери қызметке шақыруға жатпайды.

Мерзімді әскери қызмет өтіп келген соң жоғарғы әскери оқу орындарына оқуға түсуге болады және келісім шарт бойынша әскери қызмет атқаруға болады. Егер әскерге шақыртылған азамат жоғары білімді болса, онда алты айдан соң ол келісім шарт қызметіне ауыса алады. Ал жоғары білімдері жоқтар бір жылдан соң. Әскери қызметтің ауыртпалығын сапта тіктей тұрып қарсы алған әрбір әскери қызметшіні – мемлекет ұмытпай оның еңбегі мен қызметін жоғары бағалап, оған және отбасы мүшелеріне жоғарғы деңгейде жағдай жасайды.

2016-2017 жылғы Жамбыл аудандық селолық округтерінің азаматтары арасынан әскери қызметке 400-ден астам азамат өз әскери борышын өтеуге Қарулы Күштер қатарына шақырылды.

Ауданның селолық округтері ішінен шақыру учаскесіне азаматтарды уақытылы жіберіп әскери қызметке шақыру бойынша үздік қызмет атқарған Аксенгір, Шолаққарғалы, Ұзынағаш селолық округтерінің әскери есепке жауапты мамандарын атап көрсетуге болады.

Еліміздің Қорғаныс Күштерінде келісім шартпен қалатын әскерилерге жоғары жалақы, әлеуметтік пакет пен толықтай тұрғын үй беріледі.

Қалай болғанда да қазір Әскерде болғанын растайтын құжат алу қиын емес. Бұл үшін тек Қорғаныс министрлігінің әскери – техникалық мектебінде қырық күндік курс өтсе болды. Курсқа қабылданатын азаматтардың жасы 24-27 жас арайлығында болу міндетті. Тек мемлекет

шығының орнын толтыру үшін 267 000 тенге төлеу қажет.

Әскери қызметте түрлі себептермен әскери қызмет атқармаған жасы 27 жастан асып әскери билет алмағандар Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, шекті жасы бойынша әскери билет алуға міндетті.

Жиырма жетіден асып, түрлі себептермен әскери қызмет өткермеген азаматтар әскери билет алу үшін келесі құжаттарды аудандық қорғаныс істеріне келу қажет:

- 1) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2) оқу орнын бітіргендігі жөніндегі құжат, диплом немесе аттестат көшірмесі;
- 3) 3x4 фото – 2 дана;
- 4) мекен-жай анықтамасы;
- 5) медициналық комиссия қорытынды анықтамасы.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қорғаныс қызметін арттыруда, жауынгерлік дайындықты жоғарылату мақсатында, әскери қызметтің престижін көтеруде, кәсіби армия құруда және кәсіби мамандармен толықтыру үшін Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің статусы» туралы Қазақстан Республикасының Жарлығымен бекітілген Заңына 2017 жылдың 13 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгерістер енгізілді.

«Тәрбие – тал бесіктен» деген атам қазақ көкірегінде намысы бар, бойында күш-қуаты бар, Отан үшін отқа түсетін ұрпақ өсірді. Ата-баба аманаты болып қалған ұлан-байтақ, қазақ даласын аман сақтап, бейбіт күнде баянды тіршілік ету тәртіп пен тәрбиеге байланысты. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп Бауыржан Момышұлы бекер айтпаған. Сондықтан Отан алдындағы борышты әскери билет үшін емес, әр азамат өз парызым деп түсінгені абзал.

Мырза ҚАРЖАУОВ,
Жамбыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, полковник.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

Азаматтық іс жүргізу құқығы – азаматтық істерді сотта қараудың және шешудің тәртібін, сондай-ақ соттардың және басқа да кейбір органдардың қаулыларын орындау тәртібін реттейтін құқық саласы. Оның нормалары соттың және процестің барлық қатысушысының қызметін реттейді. Сондай-ақ, олардың құқылары мен міндеттерін анықтай отырып, сот мәжілісін жүргізудің тәртібін белгілейді. Іс жүргізу құқығының өзі – бұл азаматтық істер мен дауларды қарау, қылмыстарды тергеу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарау кезінде пайда болатын қатынастарды реттейтін құқық жүйесіндегі нормалардың бір бөлігі. Іс жүргізу құқығы екі түрлі болады – азаматтық іс жүргізу құқығы және қылмыстық іс жүргізу құқығы. Азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың тәртібін реттейтін құқық нормаларын мәжбүрлеп орындату тәртібі азаматтық іс жүргізу құқығы деп аталады.

Азаматтық істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделген. Дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Тараптар шарттарда дауды медиатормен, нотариуспен немесе адвокатпен бірлесіп, сотқа дейінгі реттеу міндеттілігін қатыстыра алады. Сонымен бірге, жеңілдетілген іс жүргізу талаптарының шеңбері кеңейтілген. Үш күн ішінде қаралатын сот бұйрығы арқылы іс жүргізу талаптар тізбесі 11-ден 18-ге дейін, бір ай мерзімде қаралатын оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер 2-ден 12-ге дейін кеңейтіліп, азаматтарға қысқа мерзімде сот төрелігіне қол жеткізуі мүмкін.

А.МАРАЛОВА,
аудандық соттың бас маманы.

Денсаулық фестивалінің маңызы зор

Ұзынағаштағы спорт кешенінің стадионында мектеп оқушылары арасында саламатты өмір салтын нығайтып, спорт пен денсаулықты шынықтыру, жақсарту мақсатында Аудандық білім беру бөлімі мен «Жас Ұлан» оқушылар үйінің ұйымдастыруымен ауқымды спорттық шара өтті. Дені саудың – жаны сау болатыны өскелең ұрпақтың бойына сіңіру бағытында аудандық денсаулық фестиваліне 7-8 сынып оқушыларынан жасакталған 8 команда қатысты.

Атап айтсақ: Абай, Ш.Уәлиханов, Н.Құтпанбетұлы, Т.Рысқұлов. А.Қарсақбаев, Ұзынағаш, Ынтымақ орта мектептері спорттық сайыстардан жүгіру, (100м қыздар-ұлдар) кросс, арқан тарту, қол күрес, тоғыз құмалақ, шахматтан тартысқа толы дүбірлі додаға, жарысқа қатысты. Бұл тартысқа толы сайыста «Жас Ұлан» үйінің оқушылары тоғыз құмалақ пен шахматтан қарсылас шақ келтірмей жеңістің ең биік сатысына көтеріліп 1-орынды

иеленсе, өзге командалық жарыста Ынтымақ орта мектебі үстем болды. А.Қарсақбаев командасы 2-орынды иеленсе, Ұзынағаш мектебінен жасакталған команда 3-орынды қанағат тұтты.

Аудандық білім беру бөлімі мен «Жас Ұлан» оқушылар үйінің ұйымдастырған бұл спорттық шарада тоғыз құмалақтан отбасылық сайсында жеңімпаздары анықтау оңай болмай, ұпайлары тек түскен Асылхановтар мен Амирбаевтар отбасы командалары 1-ші орынды иеленсе, Дариялар отбасы екінші орынды иеленіп, тартысты бәсекенің көркін қыздырды. Жарайсындар, спортты жанына серік еткен өрендер, – деп ұйымдастыру алқасына алғысымды айтып, спорт денсаулық кепілі екеніне тағы бір көзімізді жеткізіп қайттық. Спорттағы жеңісті күндеріміз көп болсын «Ақындар мен батырлар» елінің өрендері.

Асхат БАҚТЫБАЕВ.

♦ «101» хабарлайды

Өрт қауіпсіздігі айлығының жүргізілуі

Жамбыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігін күшейту, өрттің алдын алу және болған өрт оқиғаларында адам өлімін болдырмау, ол жұмысқа азаматтарды тарту және өрттің алдын алуда бұқараның міндетін күшейту, сондай-ақ, болуы мүмкін шығынды азайту және 2017 жылдың ақпан айының 01 жұлдызындағы № 28 Алматы облысының Әкімінің қаулысын жүзеге асыру мақсатында үстіміздегі 2017 жылдың қыркүйек айының 1-нен 30-на дейін «Өрт қауіпсіздігі айлығынның 3 кезеңі» жүргізеді.

Айлық кезінде ауданымыздағы тұрғын үйлердің өрт қауіпсіздігін тексеру мақсатында ТЖБ қызметкерлері аралап тұрғындарға өрт қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.

Аралау кезінде жылыту пештерін қысқа дайындық кезінде түгіндік мұржасын уақытылы тазалау керектігі;

пештің алдында еденге 50x70 см. қаңылтыр орнатылуы қажеттігі;

пештің түгіндік мұржасы шатырдың жанатын құрылыс конструкцияларынан 38

см. алшақ болуі тиістігі;

көп қабатты тұрғын үйлерге көмір пешін орнатуға тиям салынатындығы;

тұрғын үйлерді жылытуға қолдан жасалған электржылытқыштарды пайдалануға тиям салынатындығы;

қараусыз және өшірілмей қалған электрплитка, электршәйнек, телевизор және басқа да электрқұралдары үлкен қатер төндіретіндігі;

шөп маясының аумағы қоқыс және құрғақ шөптерден тазалау қажеттілігі;

шөп маясының тұрғын үймен арақашықтығы 8 м. кем болмау керек; шөп маясы темір қоршаумен қоршалуы керектігі, шөп маясының жанында ашық от пайдалануға тиям салынатындығы туралы нұсқау ретінде айтылады.

Ойымызды қортындылай келе айтарымыз, аралау барысында түсінбеушілік жағдайлар туып жатса, мына сенім телефондарына хабарласыңыздар тел: **2-19-61, 2-26-67.**

А.ЖАНАЕВ,
Жамбыл ауданының ТЖБ бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры.

Жамбыл атындағы несие серіктестігі қарызын мерзімінде қайтармаған азаматтардың тізімін хабарлайды

1.	«Абдиманап» ШҚ Нусубалиев Мерген
2.	«Айзере» ШҚ Утегенов Болат
3.	«Агажай» ШҚ Байтолла Канат
4.	«Акжар» ШҚ Балгожаев Берік
5.	«Аманжол» ШҚ Егизбаева Акмарал
6.	«Аметай» ШҚ Аметев Шакен
7.	«Арман» ШҚ Жайлаубеков Нурахан
8.	«Арна» ШҚ Кокен Камария
9.	«Аяжан» ШҚ Муканов Жандос
10.	«Бекнур» ШҚ Алимбаев Ербол
11.	«Береке» ШҚ Мусреев Бактыбай
12.	«Бирлик» ШҚ Чолпанкулов Темирбек
13.	«Галым» ШҚ Каукаков Канат
14.	«Дастан» ШҚ Кусанова Сауле
15.	«Дулат» ШҚ Мырзақыметов Дулат
16.	«Жарылқасым» ШҚ Жарылқасимов Оразхан
17.	«Жетықоныр» ПКХ Айғанбек Муратжан
18.	«Жолдас» ШҚ Садуакасов Торехан
19.	«Журсин» ШҚ Сайдахмет Нурдыбек
20.	«Иян» ШҚ Теженбаев Матжан
21.	«Казгин Кулзира» ИП Казгин Кулзира
22.	«Куаныш» ШҚ Байжанова Жазык
23.	«Куаныш» ШҚ Мамбетов Куаныш
24.	«Мад» ШҚ Касенова Шолпан
25.	«Манас» ШҚ Турганов Бактыжан
26.	«Нартауекел» ШҚ Туматаев Турысбек
27.	«Наширбек» ШҚ Абдиказиев Айтбай
28.	«Нур» ШҚ Адилов Эсбек
29.	«Нур» ШҚ Ахметова Фарида
30.	«Нур» ШҚ Келгенбаева Гульнархан
31.	«Нурахан» ШҚ Тулеева Мереке
32.	«Сабыр» ШҚ Туркебаева Сауле
33.	«Саят» ШҚ Келгенбаев Саят
34.	«Сеил-Кам» ШҚ Дюсеков Сергазы
35.	«Сейтова К» ИП Сейтова Клара
36.	«Сламкул» ШҚ Сламкулов Шойбек
37.	«Таласбаев М» ИП Таласбаев Мара
38.	«Тауекел» ШҚ Аманкулов Серик
39.	«Улан» ШҚ Закиров Айдар
40.	«Фазыл» ШҚ Зейнуллаев Сади
41.	«Шилибастау» ШҚ Абдымолдаева Фарбиза
42.	«Ынтымақ» ШҚ Ахметжанов Нурлан

Естімеген елде көп...

Астана полицейі бір әйелді босандырып алды

Елордалық полицей Астана бекетінде әйел адамды босандырып алды, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Астана ІІД баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Ведомствоның мәліметінше, 25 тамыз күні сағат 16.00 шамасында “Ауди” көлігінің жүргізушісі патрульдік полицейлерден көмек сұрайды. Ол әйелінің толғағы ұстап жатқанын, ауруханаға жетіп үлгермейтінін айтқан. Полицейлердің бірі жедел жәрдем қызметін шақырып, ол келгенге дейін әйелді өзі босандырып, нәрестінің кіндігін кеседі. Оқиға орнына келген жедел жәрдем қызметкері нәресте мен оның анасын перинаталдық орталыққа жеткізген. Дәрігерлердің айтуынша, әйел



мен баласының жағдайы жақсы. Нәресте 3 келі салмақпен туылыпты. Бұл әйелдің бесінші баласы екен. “Бақыт Әлімқұлов та бес баланың әкесі. Полиция қызметкері осыған дейін де бекетте бірнеше рет әйел босандырып көргенін айтқан”, – деп жазылған ведомствоның баспасөз хабарламасында.

39 әйелі, 94 баласы және 33 немересі бар үнді азаматы



Зиона Чана жанұясымен 100-бөлмелік төрт қабатты үйде тұрады! Әйелдері үй қожайынына кезекпен жолығып тұрады екен. Бір мезетте кешкі асқа 30 тауық сойылады. Күнделікті тамақтың өзіне едәуір қаражат кетеді, әрине. Бірақ, әр адамның өзінің несібесі болады емес пе, барлығының көйлегі көк, қарыны тоқ. Зиона жанұясы әлемдегі ең үлкен жанұя атағына ие болып отыр. 39 әйел алу себебін «Құдайдың сыйы және батасын алғандығы» деп түсіндіреді. Зиона Чананың 94 баласы, 14 келіні және 33 немересі бар. Үлкен жанұя Индияның Мизорам штатының Бакванг қалашығында 100-бөлмелік төрт қабаттан тұратын үйді мекендейді. «Қазір өзімді Құдайдың ерекше таңдаулы баласы сезінем. Ол маған осыншама адамның қамын ойлау мүмкіншілігін беріп отыр.

Анасы 55 күн бұрын қайтыс болған сәби аман туылған

Дәрігерлер Польшаның Вроцлав қаласындағы ауруханада анасы 55 күн бұрын қайтыс болған сәбиді дүниеге әкелді. Бұл туралы GAZETA WROCLAWSKA хабарлады. “Дәрігерлер сәбиді іштен жарып алды. Бұл – бүгінгі таңдағы технологияның арқасында мүмкін болып отырған ғажайып”, – дейді жергілікті дәрігерлер. Басылымның мәліметінше, 41 жастағы жүкті әйел ми обырымен ауырған. Әйелдің денсаулығы жүктілігінің 17-ші аптасында күрт нашарлап, ауруханаға түскен. Кейін оның миының өлімі тіркеледі. Оны құтқару мүмкін болмаған. Алайда, науқастың жүрегі соғып тұрғандықтан дәрігерлер сәбидің өміріне араша түсуді ойлайды. Мамандар екі ай бойы әйелдің өмірлік маңызы бар функцияларын бақылап отырған. “Біз мұндайды әдетте бір-



екі күн бойы ғана жасаймыз, бірақ дәл осы жағдайда еш тәжірибеміз болмаса да бірнеше аптаға дейін өмірін созу керек болды”, – дейді анестезиология және интенсивті терапия кафедрасының меңгерушісі Анджей Кюблер. Нәтижесінде, сәби бір келі салмақпен туылған. Сәбиді туыстарына тек екі айдан кейін беру мүмкін болады. Оның денсаулығы бір қалыпты. Қазіргі уақытта ол әкесінің қолында.

Әлемдегі шашы ең ұзын әйел



Әйелдер қауымына салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, ең ұзын шаштың иегері – қытайлық Кси Квипинг. Қытайлық арудың шашының ұзындығы – 5,63 метр. Ол шашын 1973 жылдан (13 жасынан) бері өсіріп келеді екен.

Пайдалы кеңестер

Дұрыс тамақтаныңыз

Ас – адамның арқауы. Бұл туралы көп айтылып, көп жазылса да, іс жүзінде ешкім мән бермейді. Шынымен де, дұрыс әрі жақсы тамақтануды қолға алу қиын. Себебі, дүкен сөрелерінде тәбетінді ашатын тағам түрлері көп. Қарнымыз ашқанда оның ағзамызға қаншалықты пайдалы не зиянды екенін ескермейміз. Сондықтан ең алдымен ешқашан жеуге болмайтын азық-түлік тізімін жасаңыз. Бұзылмайтын азық-түлікті жеуге болмайды! Мысалы, жүзім. Жүзім 3-5 күннен артық сақталмайды, бұзылып кетеді. Қазіргі біз жеп жүрген жемістердің көбі дүкен сөресінде апталап, айлап сақтала береді. Жасанды тағамды жеуге болмайды! «ДоШирак», «Роллтон» сияқты жасанды тағам мен суға езілетін кофе, сусындарды жеп-ішпеген жөн. Йогурт шығаратын фирмалар тірі бактериялары бар йогурт туралы жарнама береді. Ол йогурттың жарамдылық мерзімі 3-4 айға дейін созылады. Ал жаңағы тірі бактериялар ұзаса 3-6 күн аралығында ғана өмір сүреді. Үй жағдайында шиеден жасалған тосаптың түрі қызыл болмайды, ауа мен қанттың әсерінен дәмі қышқылданып, түсі де қою қоңыр болып өзгеріп кетеді. Ал дүкенде сатылатын таңқурай, өрік, шие сияқты



жеміс-жидектерден жасалған тосаптардың түрі олай өзгермейді, себебі құрамында түрлі химиялық қоспалар мен бояғыш заттар бар. Әрине, ол адам ағзасына зиян келтіреді. Майонезді, әсіресе пластикалық қаптағы майонезді жеуге болмайды! Сірке суы пластиктен әртүрлі канцерогендік заттектер бөледі. Майонездің құрамында көп мөлшерде ұзақ мерзімге дейін сақталатын адам ағзасына зиянды қоспалар бар. Ал оның құрамындағы май қан тамырларымыздың ішін бітеп тастайды. Мұндай азық-түлік пен тағамдарды күнделікті өмірде жиі қолданатындықтан, жазылғанның бәріне көз жұма қарауға болады. Егер денсаулығыңызға немқұрайлы қарап, мезгіліңізден бұрын көз жұмуға қарсы болмасаңыз, мархабат!

Дәрі-дәрмектердің уландыратын әсері бар



Медицинаның дамуына қанша үлкен көлемде қаржы бөлсек те, адамның өмір сүру жасы ұлғаймайды. Адамның ұзақ өмір сүруі медицинаның дамуымен байланысты емес.

Өмірдің ұзақ, қысқа болуы дұрыс тамақтануға, өмір сүру салты мен өз-өзіңізді жақсы көре білуіңізге байланысты. Анальгин, цитрамон, димедрол сияқты дәрі-дәрмектердің уландыратын әсері болғандықтан аты аталған бұл дәрілер басқа елдерде қолданылмайды. Бұл зерттеулер АҚШ-та жүргізілген. Біз түрлі антибиотиктер мен препараттарды қоспағанда қарапайым мысалдар келтіріп отырымыз. Денсаулығыңызға неғұрлым көп зиян келтіргіңіз келсе, мысалда келтірілген дәрі-дәрмектерді қолдануды жалғастыра беріңіз.

Жағымсыз әдеттерден аулақ болыңыз

Бойыңыздағы жағымсыз әдеттер Сіз ойлағаннан да көп. Жағымсыз әдеттерді темекі шегу, ішімдік ішумен ғана шектеп жатамыз. Дұрыс, ол зиянды. Ал адам бойындағы жағымсыз әдеттер толып жатыр. Қоғамдық көліктерде кітап, газет оқып немесе музыканы қатты қойып, құлаққап киіп отыру да жаман әдеттер қатарына кіреді. Кейбір адам ұйықтағанда екбеттеп жатуды әдетке айналдырады. Нағыз денсаулыққа зиянды әрекет осы. Себебі, олай жатқанда мойын бұрылып, мидың қан айналымы бұзылады. Мұның соңы жүйкенің тез жұқарып, ашуланшақ болуға әкеліп соғады.



Бактерия, вирус, паразиттердің қозуынан сақтаныңыз



Бұлар Сіз қаласаңыз да, қаламасаңыз да ағзаңызда тіршілік етеді. Олардың да дәл Сіз сияқты өмір сүруге қықысы бар. Оларды өлтіріп, көзін жою мүмкін емес. Сіз оларды өлтіремін дегенше, олар Сізді өлтіріп қоюы мүмкін. Бірақ олардың мақсаты – Сізді өлтіру емес. Олардың мақсаты – Сіздің ағзаңыздан өздерінің өмір сүруіне қажетті азық алу. Егер олармен бірге өмір сүргіңіз келмесе, олардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасамауға тырысыңыз. Олармен Сіздің иммунитетіңіз ғана күресе алады. Имунды жүйенің жасушалары үшін бұлар жыртқыш аңмен тең. Сол себепті, олармен күресу үшін нақты әрекет жасай білу керек.

Бетті дайындаған: Бақтияр АЙТАЛЫ.
деректер интернеттен алынған.

Картоп таяқшасынан сақтаныңыз!

Нан – адамдардың тамақтануында үлкен орын алатын тағам. Ерте заманнан адамдар жабайы дәнді дақылдардың ұрықтарын жинап, шикі күйінде жеген. Көптеген ғасырлар өткен соң адамдар шикі дәнді тастардың арасында майдалап, суға араластырып, содан соң отқа қарып қуыра білді. Қазіргі уақытта автоматтандырылған зауыттарда нанның 500-ге жуық түрлері пісіріледі, оның ішінде емдәмдік түрлері де бар, тұзсыз сорты, қышқылдығы, көмірсулары азайтылған ақуысыз нан, майдаланған дән қосылған нан және қауыз қосылған, лецитин қосылған түрлері де бар. Нанның тағамдық және биологиялық құндылығы қолданылған ұнның

түріне, сортына және қоспалардың құрамына байланысты. Нанның сапасы қамыр дайындау процесінің дұрыс жүргізілуіне және жақсы пісуіне байланысты. Егер нан дұрыс дайындалмаған қамырдан немесе температуралық-ылғалдық режимі сақталынбай дайындалса, ол кезде нанда әр түрлі ақаулар болады. Нан технологиялық ақаулармен дайындалғанда микробтармен зақымдалады. Нанның картоп ауруы бидай нанын зақымдайды, көбіне ірі даналық түрлерінде кездеседі. Картоп ауруының қоздырығышы спора түзетін бактериялар *B. Mesentericus* тобы топырақта өмір сүреді. Споралары жоғарғы температураға шыдамды, сондықтан да нанды пісіргенде де, өмір сүру қабілетін сақтайды. Картоп таяқшалары мына

жағдайларда көбейеді: нанның жұмсағының температурасы 35-40 гр С болғанда, нанның ылғалдылығы жоғарыланғанда, бидай нанының қышқылдығы төмендегенде, нан желдетілмейтін бөлмеде, үйілген күйде сақталғанда. Ферментердің белсенділігінің әсерінен ылғалды және созылмалы жабысқақ бола бастайды және жағымсыз, жемістер шірігенде пайда болатын иіс шығады. Картоп таяқшалары адамдар үшін қауіпсіз. Бірақ картоп таяқшаларымен зақымданған нан жеуге жарамсыз, өйткені ондай нанның органолептикалық қасиеттері нашарлайды.

Картоп ауруының алдын алу үшін, картоп таяқшаларының көбеюіне жол бермеу қажет:
– нан илеу процесін дұрыс жолға қою;

– нанды тез суыту;
– нанды тек суығаннан кейін ғана тасымалдау керек;
– нан сататын орындарда, нанды сақтайтын ыңғайлы желдететін бөлмелердің болуы, нан сөрелерін ылғалданған, 1 пайыздық сірке қышқылына малынған шүберекпен сүртіп шығу.
Өз денсаулығыңыз өзіңіздің қолыңызда екенін ұмытпағаныңыз жөн!

З.КҮШТЕКОВА,
Жамбыл ауданы ҚДСБ-ның басшысы м.ғ.к.
Ж.ҚАЛАБАЕВА,
санитарлық-гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің басшысы.

ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫ АНЕМИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Темір тапшылығы анемиясымен жер шарындағы балалардың жартысына дерлігі ауырады. Жүкті әйелдер арасында темір тапшылығы анемиясы 21-80%-да, ал жасырын темір дефициті одан да жиі 49-99% жағдайда кездеседі. Егер құрсақтағы нәресте анасынан темірді аз мөлшерде алатын болса, онда оның постнаталды өмірінің ең алғашқы мерзімінде экзогенді темірге деген тапшылығы күрт ұлғаяды. Шала туған балалардың 100%-ға жуығы дерлік темір тапшылығы анемиясына шалдығады. Сонымен қатар уақытында туған балаларда анемия туған кездегі дене салмағына байланысты пайда болуы мүмкін. Дене салмағы 3 кг төмен балалардың 50%-да анемия дамиды. Балалар өмірінің алғашқы екі жылында алиментарлық темір тапшылығы дамиды. Осы жағдайды анемиямен ауыратын 1000 бала мысалында зерттеген кезде балалардың 51,3%-ы теңгерімсіз жасанды түрде, 30,3%-ы – аралас түрде тамақтанатыны, 86,8%-ы 4-тен астам рет суық тиіп ауырғаны анықталды. Омырау сүті мен сиыр сүті өсіп келе жатқан ағзаны темірмен толық қанағаттандыра алмайды. Темірге

деген мұқтаждығын толықтыру үшін бала тәулігіне 15 литрге жуық сүт ішуі тиіс. Ауыр темір тапшылығы анемиясының туындауының жиі кездесетін себептерінің бірі – ол балаға тәулігіне 1-1,5 л сүт немесе айран ғана беру, бір немесе бірнеше ай балаға басқа тамақ бермеу. Мұндай әрекет балалар ағзасында темір тапшылығын тудырады. Сол себептен баланы барлық азық-түлік түрімен, оның ішінде темірден тұратын азықпен теңгерімді түрде тамақтандыру қажет.

Темір тапшылығы анемиясының дамуы ағзаға қандай қауіп төндіреді? Темір тапшылығы анемиясы кезінде ағза тіндеріне өттегі жетіспейді, темірдің жетіспеушілігінен кейбір ферменттердің белсенділігі бұзылады. Басқа анемия түрлеріне қарағанда темір тапшылығы анемиясы кезінде гипоксия туындайды, өйткені, темір тапшылығы ағзада гемоглобиннен тіндерге өттегіні беруді қалыпқа келтіретін компенсаторлық тетіктерді іске қосады. Гипоксия бала ағзасының барлық өсу қызметіне әсер етеді. Нәтижесінде жүрек бұлшықеті, бауыр, ішек қызметі күйзеледі, жасушалық иммунитет бұзылады.

Темір тапшылығы анемиясының негізгі белгілері (анемиялық,

сидеропеникалық). Тері жамылғысы мен шырышты қабықтардың бозаруы. Тәбеттің болмауы, қалыптан тыс әуестенушіліктің туындауы (еттен бас тарту, бор, ізбес, топырақ, саз жеуді қалау), ащы иістерге құмарлық (керосин, бензин, ацетон). Тері мен оның туындыларының трофикалық өзгерістері – тырнақ, шаш. Шаш сынғыш, күңгірт, «талшық» тәріздес болады, шаш түседі. Тырнақ сынғыш, жайпақ, ортасында латералды және соңғы жактары көмкерілген, қасық пішінді болады.Темір тапшылығы орталық нерв жүйесіне әсер етеді – эмоциялық тонус және көңіл-күй түседі, әрекет өзгереді: жылауықтық, ашуланшықтық, қыңырлық туындайды. Қоршаған ортаға, сабаққа қызығушылық жоғалады.Темір тапшылығы кезінде энтеропатияның пайда болуы ішектің сіңіру қабілетінің, жұтудың бұзылуын, жүректің айнуын, құсу, дәреттің бұзылуын тудырады.

Темір тапшылығы анемиясы ауруының алдын алу.

Балалар темір тапшылығы анемиясының алды алу антенаталды түрде жүргізіледі. Жүкті әйелдерге темір препараты жүктіліктің екінші жартысында аз мөлшерде және ұзақ мерзімге беріледі. Сондай-ақ

емізу кезінде де сол мөлшерде қолданылады. Балалар темір тапшылығы анемиясының даму қауіпі бар тобына кіретін балаларды анықтау қажет. Ең алдымен бұл шала туған, дене салмағы 3 кг төмен, сондай-ақ дене салмағы 4 кг астам, көп балалы жүктіліктен туған, терісінде және шырышты қабаттарында аллергиясы, ішек және тыныс алу мүшелері аурулары бар балалар болады. Мұндай балаларды 6 айынан темір препаратымен емдеу қажет. Жоғары жасқа келгенде тамақтану режимін сақтау және дұрыс тамақтану керек екендігін есте сақтау жөн. Ата-аналар балаларда сидеропеникалық белгілердің – тері мен оның туындыларының трофикалық өзгерістеріне, диспептикалық бұзылыстардың – дәм сезудің бұзылуына, жүрек айну, құсу және т.б. пайда болуына сақ болуы тиіс.Темір тапшылығы анемиясының (ТТА) белгілері туындаған кезде уақытында дәрігерге жүгініп, қажетті көмек алу керек.

З.КҮШТЕКОВА,
ҚДС Басқармасының басшысы.
Г.ГАШИМОВА,
ҚДС Басқармасының маманы.

Инсульт – мидағы қан айналымының бұзылуымен байланысты ауру, нәтижесінде мидың белгілі бір бөлігіндегі қан айналымы төмендейді немесе толығымен тоқтайды. Бүгінгі күні инсульт халықтың өлім-жітім себептерінің арасында екінші орында тұр. Сондай-ақ, инсульт мүгедектікке әкеп соғатын аурулардың ішінде бірінші орынға ие. Инсульт алған адамдардың 80% жуығы мүгедектікке ұшыраса, соның ішінде 25% жуығы қалған өмірінің

Жедел ми қан айналымының бұзылуы

барлығында тұрақты түрде күтімді қажет етеді.

Инсульттің негізгі үш түрі бар – ишемиялық инсульт және геморрагиялық инсульт (қан құйылу), оның екі типі бар – мишілік және субарахноидалды. Қан құйылу тамырлардың жарылуы салдарынан болады, негізінде жиі қан қысымының жоғарылауынан болады. Тамырдан шыққан қан қуыс тәрізді қан гематомасын немесе ісік жасап, бас миы тінінің қабырғасын жылжытады.

Зардап шеккен адамды таза ауа кіретіндей бөлмедегі төсекке жатқызыңыз, дем алу үшін тынысын тарылтатын киімдерін шешініз. Егер науқас құсқан болса, аузындағы құсықты тазаланыз. Алғашқы көмектің дұрыс көрсетілуі өте маңызды, себебі, инсульттің жүруі мен салдары дәл соған байланысты болады. Науқасты тасымалдау тек жатқызған күйінде жасалады.

Инсульттен кейінгі ауруды емдеу
Инсультті емдеу инсульттің қайталанбауының алдын алуға, сонымен қатар ми қан айналымын қалпына келтіруге бағытталған және кешенді емдеуден тұрады: тамырлық терапия (бас миының зат алмасуын жақсартатын дәрілерді қабылдау, оттегі терапиясы және міндетті реабилитация (емдік дене шынықтыру, массаж және физиоём). Геморрагиялық бұзылу кезінде мишық немесе мидың жоғары жартышарындағы қан құйылу оқиғасы хирургиялық емге жатады.

Инсульттің алғашқы және екінші реттік профилактикасы бар. Алғашқы профилактика мидағы қан айналымына жауап беретін тамырлар патологиясын, гипертония ауруын, артық дене салмағын жоюға бағытталған. Екінші реттік профилактика инсульттің қайталануына жол бермеуге бағытталған, оған түйіндерді жоюға және алдын алуға бағытталған дәрі-дәрмектің немесе хирургиялық араласудың көмегімен қол жеткізуге болады. Инсультті емдегенге қарағанда оның алдын алған тиімді болатынын есте сақтаныз. Жүрек-қан тамыры жүйесінің жұмысына тұрақты түрде диагностика жасатып тұрыңыз, сонда осы бір қауіпті ауру Сізге ешқашан жоламайды.

Б.АРЗАБАЕВА,
жүйке жүйесі дәрігері.

ҚАУІПТІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Елімізде мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары ветеринария саласының жүйесімен бірге даму үстінде. Жамбыл ауданы бойынша ветеринариялық қызметтің 2017 жылғы жарты жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы және алдын алуы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспары толық көлемде жүзеге асырылды. Қазір өңірде аса қауіпті жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты.

Бүгінгі таңда эпизоотиялық және энзоотиялық іс-шаралар жоспарына сәйкес ветеринариялық препараттар жеткізіліп, алдын ала егу жұмыстары жүргізілуде.

Диагностикалық алдын алу жұмыстары бойынша «сарып» індетіне қарсы 69911 мың бас МІҚ, 323736 мың бас ұсақ мал тексеріліп, нәтижесінде ауру 88 бас МІҚ, 46 бас ұсақ мал анықталды. Осы ауру малдар ветеринариялық-санитариялық ережелерге сәйкес Кербұлақ ауданында орналасқан «Майтөбе» өңдеу комбинатында сойылып, залалсыздандырылды.

Қазіргі күні ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру маңызды іс-шаралардың бірі. Үстіміздегі жылдың 1 шілдесінде веб-порталдық базада 36 150 бас төлдерін бірдейлендіру жоспарланып, қазіргі уақытта 21339 басы дерек қорға енгізілді. 293 148 мың бас ұсақ малға құлақ жапсырмалары таратылып, қазіргі уақытта 204 761 басы дерек қорға енгізілді.мың

бас түйе, 114,4 мың бас жылқы, 2,8 мың бас шошқа тіркеліп отыр.

Ауыл шаруашылығы жануарлары мен өнімдеріне және шикізатына берілетін ветеринариялық анықтамалар «Бір-ыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» бойынша рәсімделуде. 2017 жылдың 6 айында барлығы 4280 дана (1-үлгі 3813, 2-үлгі 421, 3-үлгі 46) ветеринариялық анықтамалар берілді.

Әртүрлі паразитарлық аурулардың алдын алу мақсатында қаңғыбас ит пен мысықтарды аулап жою тұрақты жүргізіліп келеді. Үстіміздегі жылы барлығы 2 млн.413400 теңге бөлініп, қазіргі күні 1097 бас қаңғыбас ит пен мысықтар ауланып жойылды.

Аудан бойынша мал көмінділерінің жалпы саны 48 болса, оның ішінде ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай 12 типтік жобада салынған. Қалған 36 қарапайым шұңқырларға типтік жобадағы мал көміндісін салуға облыстық бюджеттен 23,5 млн. теңге бөлінді.

Сібір жарасы індетінің ошақтары
Қазақстан Республикасының сібір жарасынан станционарлық-қолайсыз пункттерінің 1948-2002 жылдар аралығындағы кадастры бойынша аудан аумағында

тіркелген 19 елді мекендегі 29 сібір жарасы індет ошағының координаттары нақтыланды.

Сібір жарасы індеті ошақтарының орналасқан жерлерінің дәл координаттары көрсетілген топографиялық карталарын әзірлеу үшін ҚР АШМ Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Қазгеодезия» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен келісім-шарт жасалып, ошақтардың топографиялық карталарын түсіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан бойынша нақтыланған 29 сібір жарасы ошағының орналасқан орны толық бетонмен қоршалды

Ішкі сауда объектілері
Облыс аумағында ветеринариялық бақылауға жататын өнімдерді сататын 4 ішкі сауда объектілері (базарлар) жұмыс жасайды. Ішкі сауда объектілерінің ветеринария-лық сараптама зертханаларында жыл басынан 555 мік ұшасы, 34 жылқы ұшасы, 134 уақ мал ұшасы сараптамадан өткізілді. Облыс аумағындағы жануарларды өткізуді жүзеге асыратын 1 (мал базарлары) жұмыс жасайды. Жыл басынан 8287 бас МІҚ, 4787 бас жылқы, 6917 бас уақ мал, сатылған.

Сонымен қатар, аудан бойынша 4 мал сою алаңы бар. Жыл басынан мал сою алаңдарында бас МІҚ, 1781 бас уақ мал, 2 бас шошқа, 926 бас жылқы, малы сойылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету
ҚР Ауыл шаруашылығы Министрінің

2015 жылғы 23 қаңтардағы №7-1/37 бұйрығына сәйкес жыл басынан 5 ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын объектілерге есептік нөмірлер беріліп, мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Энзоотиялық ауруларға қарсы іс-шаралар

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы «Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы» № 32 қаулысымен жылқының сақауына және биенің салманалезді іш тастау аурулары бекітілген. Ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, аудан бойынша 10 700 бас жылқы сақауына және 14 331 бас биенің салманалезді іш тастау ауруларына облыс тарапынан вакциналар сатып алынды. Бүгінге Жамбыл ауданы бойынша жануарлардың энзоотиялық ауруларға қарсы ветеринариялық алдын алу іс-шаралары туралы 2017 жылғы жоспарына сәйкес бөлінген вакциналарды тиімді қолдану мақсатында, округтер бойынша 5000 бас жылқының сақауына қарсы егу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қыркүйек-қараша айларында 5700 бас жылқының сақауына және 14 331 бас биенің салманалезді іш тастау ауруларына қарсы егу жұмыстарын толық аяқтау жоспарлануда.

Д.БАЛАЕВ,
аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Құттықтаймыз!..



Қадірлі бауырым **Слэм ҚҰДЫСҰЛЫ**, Сізді 70 жасқа толған мерейсәтіңізбен құттықтаймын.

Слэм 1947 жылдың 9 қыркүйегінде Аққайнар ауылында дүниеге келген. Бұдан соң В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын тамамдаған. Заң ғылымдарының докторы, қызметтік шені – генерал-майор. Слэм Құдысұлы ұзақ жыл Мемлекеттік Қауіпсіздік органдарында абыройлы қызмет атқарып, көптеген мемлекеттік мақтауларға ие болды.

Құрметті бауырым, өзіңізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеймін. Артыңнан ерген бауырларың мен қарындастарыңа ағалық ақылыңызбен, тәрбиелік үлгі-өнегенізбен, адами асыл қасиетіңізбен әрдайым үлгі болып келесіз. Бауырым ретінде өзіңізге алдағы ғұмырыңызда бақытты күндеріңіз көп болсын, тойыңыз тойға ұласып, абырой-атағыңыз асқақтай берсін деп тілеймін.

Бойыңызда азаматқа тән бар үлгі, Сөздеріңіз жанға жайлы жалынды. Жетпіс жаста той төріне шықтыңыз, Сіз бауырсыз, қарындасқа қадірлі. Әрқашанда сізге арқа сүйейміз, Сыйлас болып бірге өмір сүреміз. Бұл өмірдің жақсылығын, дәулетін, Өзіңізге шын жүректен тілейміз.

Жетпіс деген бір сіз үшін биік шың, Құрметіне бөленіңіз, ағайын мен туыстың. Бата тілек ақтарылып шашу боп, Шуақ шашсын күзгі аспаннан ұлыс күн.

Айтар тілек өзіңізге бізде көп, Алғаныңыз алғыс пенен жүлде тек, Деніңіз сау, ұзақ болып жасыңыз, Той төрінде отырыңыз жүзге кеп, – деп құттықтаушы: қарындасы – Райхан.

ГРАНИТ ТАС ҚАЛДЫҚТАРЫ САТЫЛАДЫ

Қазыбек бек бекетінде орналасқан «Күрті» тас өңдеу зауыты гранит тас қалдықтарын арзан және тиімді бағамен сатады. Гранит тас қалдықтары аулаға төсеуге және іргетас (фундамент) күйғанда қолдауға қолайлы. Тел: 34-0-18, 87771390506.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Даму» оқу орталығына білікті мамандар қажет.

- * ағылшын тілі маманы
- * бастауыш пәндерінің мұғалімі
- * маркетинг
- * менеджер

Тел: 87073198289, 87478708957.

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** Мыншарипова Айнамқоз Найманбайқызының атындағы Үңгіртас ауылдық округі, ауданның жер қорынан кадастрлық нөмірі 03-045-039-546, №580565 (277.0000 га) мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Құрметті Жамбыл ауданының тұрғындары!

2017 жылдың 22 қыркүйегінде сағат 10.00-де Жамбыл аудандық Әділет басқармасының ғимаратында Республикалық «Әділет кеңес береді» акциясы өткізіледі.

Акцияның ұйымдастырушылары: Алматы облысы Әділет департаменті мен аудандық Әділет басқармасы және «Нұр Отан» партиясы.

Акция барысында Әділет органдарының мамандары төмендегідей салалар бойынша тегін құқықтық көмек көрсетеді:

- жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу,
- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу,
- азаматтардың хал-актілерін тіркеу және апостильдеу,
- зияткерлік меншікті қорғау,
- сот актілерінің орындалуы туралы,
- сонымен қатар, акцияға денсаулық сақтау саласының мамандары, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары қатысады.

Жамбыл ауданы бойынша заң кеңесін алуға ниет білдірген әрбір азаматты тіркеу Жамбыл аудандық Әділет басқармасының (Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі, №1 үй) ғимаратында жүзеге асырылады, байланыс нөмірі: **8 (72770) 2 1292.**

Жамбыл аудандық Әділет басқармасы.

ЕЛ ІШІНДЕ ЕМШІ ЖҮР

Жұлдыз ханым халық емшісі. Телефон арқылы құмалақ ашады, үйді аластайды, Құран, дұғамен дем салып, жол ашады, тыныштығы кетіп, берекесі болмай жүрген отбасыларға көмектеседі. Адам бойындағы тіл-көз, дұға, қара қарғысты алады, саудаға, көлік, үй сатуға көмектеседі. Биотокпен емдік массаж жасайды. Остеохондроз, бел, аяқ, бас, буын, варикоз ауруларын, суық тиген әйелдер мен ерлер, асқазан ауруын емдейді. Беттегі безеулер мен іш құрылысты тазалайды. Арықтау жолдарына көмектеседі. Әртүрлі жағдайлармен хабарласуға болады. 20 жылдық еңбек өтілі бар. **Сертификат нөмірі №006.**

Тел: 87774887080, 87714522523, 87025672105.



Динамично развивающейся
«Микрофинансовой организации «Азиатский Кредитный Фонд»
требуется: аналитик по развитию бизнеса.
(Кредитный специалист)
Основные обязанности:

- Выполнение плана продаж;
- Обслуживания клиентов, в соответствии со стандартами компании;
- Продвижение целей компании по развитию бизнеса и сельских домохозяйств.

Требования к кандидату: Высшее/средне-специальное образование; Опыт работы, желательно; Навыки работы с людьми; Знание компьютера.
Описание: Интересная работа; Профессиональное развитие; Возможность карьерного роста; Достойное вознаграждение; Место работы: с.Узынагаш, Жамбылский район.
Резюме принимаются по адресу: с. Узынагаш, ул. Толе-би, д. 52. Торговый центр «Сулатор» 2-этаж, 11-офис, тел 8 (727) 702 08 70. г. Алматы, ул.Толе би 189 Д, офис 102. Телефон/факс: 8 (727) 250 61 90. E-mail: hr@acfund.kz www.asiancreditfund.com



**ТОО МФО «Азиатский Кредитный Фонд»
срочно требуется кассир**

Требования:

- Опыт работы в должности кассира не менее 1-го года (желательно)
- Знание 1С бухгалтерии (желательно)
- Знание кассовой дисциплины
- Отличное знание ПК
- Умение работать в команде
- Честность, аккуратность, инициативность и трудолюбие

Резюме принимаются по адресу:
с.Узынагаш, ул. Толе-би, д. 52. Торговый центр
«Сулатор» 2-этаж, 11-офис,
тел 8 (727) 702 08 70, г. Алматы, ул.Толе би 189 Д, офис 102,
Телефон/факс: 8 (727) 250 61 90
E-mail: hr@acfund.kz www.asiancreditfund.com

МАЛШЫ КЕРЕК

“Жаңатас” шаруа қожалығына тез арада малшы керек. Малшының отбасы және жеке өз малы болса да қарсы емеспіз. Айлық еңбекақысы келісімге сай төленеді. **Байланыс телефондары: 8 747 745 64 51, 8 707 877 36 30 Ықыласбек.**

ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКА ЖӨНДЕЙМІЗ

Тоңазытқыштарды, кір жуғыш машиналарын, қысқа толқынды пештер мен шаңсорғыштарды, ет турайтын құралдар мен электрлік қызметте қолданылатын жабдықтарды жөндейміз. Тел: 8-775-537-53-76; 8-707-253-34-53.

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (теплый пол) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (электросварка) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. Тел: 87078518758, 87474606295.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Үмбетәлі ауылында 4 бөлмелі, моншасы мен мал қорасы, жаздық ас үйі бар, гаражымен үй сатылады. Жер көлемі: 0,2092 га. Тел: **8 778-631-08-63, 8 705-196-89-56.**

* * *

Ұзынағаш ауылы, орталық көшеде 1 бөлмелі пәтер сатылады. Газ бен орталық су жүйесіне және интернетке қосылған. Қыста жылы, жазда салқын, тұруға өте ыңғайлы. Көңілдеріңізден шығады. Телефон: **87477407001.**

* * *

Ұзынағаш ауылы, Спиваков көшесіндегі №25 «Б», толық бітпеген, 2 әшекейленген үлкен ағаш балконы бар (9 және 8 м), орталық күре жолға (Сүйінбай көшесі) 50 м-дей жақын орналасқан 2 қабатты үй сатылады. Балабақша, мектеп, дүкендер жанымызда. Көшеге газ және су құбыры тартылған. Бағасы келісімді. Телефон: **8 701 425 53 60.**

Жамбыл атындағы орта мектептің ұлағатты ұстазы, адал жар, мейірімді ана, ұжымда өзіндік орны бар, сырлас дос, сыйлас әріптес болған математика пәнінің мұғалімі



КЕРІМБАЕВА Жанар Тайырқызы
дүниеден озды.

Жанар Тайырқызы 1971 жылы 24 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Темір ауылында дүниеге келген. 1989-1994 жылдар аралығында Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтынан физика, информатика, математика пәні бойынша мамандық алып шықты. 1995 жылы Қызыләскер ауылына, Нұртаза әулетіне келін болып түсіп, инабатты да ибалы келін атанды.

Содан 1999 жылы Жамбыл атындағы орта мектепке мұғалім болып орналасты. Мектепте ұстаздық еткен жылдары талай шәкірттің жүрегінен орын таба білген аяулы педагог еді. Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, өзінің заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз мұғалім екенін көрсете білді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін ұзақ жылдар атқарды.

Атына заты сай, жан-жағын шуаққа бөлеп, таң шолпанындай айналасына нұр шашып, ұжымдағы жасы үлкен әріптестерді өзінің аға-әкпесіндей, жасы кішілерін іні-сіңілілеріндей жақын тартып жүретін Жанарымыздың орны біз үшін биік. Бар өмірін ұрпақ тәрбиелеуге арнаған Жанар Тайырқызы ұжым мүшелерінің жүрегіне әккөңіл, мейірімді, достыққа берік, көпшіл жан ретінде мәңгі сақталмақ. Қош бол, аяулы да, қимас әріптесіміз!

Отбасында қашан да, Келін болдың ибалы. Түлектерің өзінді, Үлгі тұтып сыйлады. Ұстаз едің білімді, Үйінде жар, анасың. Айналада нұр шашқан, Күлімдеп бір қарасың... Кім ойлаған өзінді, Өтеді деп өмірден. Қайғырып көңіл айтамыз, Қимастық сезім көңілімен.

Артында қалған жары мен балалары, туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Жамбыл атындағы орта мектеп ұжымы.

Жамбыл ауданы әкімінің және аудандық мәслихаттың, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының аппараты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің II, III, IV шақырылымындағы депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, жерлесіміз Уәлихан Қалижанұлы Қалижановқа зайыбы, белгілі тележурналист **Үмітжан БАЛТАЕВАНЫҢ** дүниеден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі
Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 4658 дана. Тапсырыс – 37
• Индексі – 62264. Көлемі – 5 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».